Медициналық этика (лат. ethica, грек тілінен алғандаethice – адамгершілікті зерделеу), немесе медициналық деонтология (греч. deon – парызы; «деонтология» термині соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылуда), – яғни бұл –медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидаттар жиынтығы. Қазіргі заманғы түсінік бойынша, медициналық этикаға келесі аспектілер кіреді:

ғылыми – медициналық қызметкерлердің жұмысының этикалық және адамгершілік аспектілерін зерттейтін медициналық ғылым тарауы; практикалық – кәсіби медициналық қызмет барысында этикалық нормалар мен ережелерді қалыптастыру және қолдану міндеті болып табылатын медициналық тәжірибие саласы.

Медициналық этика үш негізгі бағыт бойынша тұлғаралық қарым-қатынастардың әртүрлі мәселелерін зерделейді және шешеді:

- медициналық қызметкер – емделуші,
 медициналық қызметкер – емделушінің туыскандары,
 медициналық қызметкер – медициналық қызметкер.

Төрт этикалық қагидаттар: қайырымдылық, автономия, әділеттілік және және толыққанды медициналық көмек. Қагидаттардың күнделікті қолданылуын талқыламас бұрын әрбіріне жеке сипаттама бергеніміз жөн болар.

Қайырымдылық қагидаты: “Мен емделушіге мейіріммен қараймын немесе ең болмағанда зиян келтірмеймін» Қайырымдылық дегеніміз емделушіге зерек және ілтиштік көзқараспен қарау, науқас денсаулық жағайының күрделігімен барабар емдеудің оңтайлы әдістерін таңдау, емделушінің медициналық араласуға дайындығы және қабілеттілігі. Ең бастысы, медициналық қызметкердің кез келген әрекеті нақты емделушінің жағдайын жақсартуға бағытталуы шарт!

Автономия қагидаты әрбір емделушіге және оның шешімдеріне сыйластықпен қарауды талап етеді. Кез келген адам мақсат ретінде қарастырылғанмен, сол мақсатқа жеткізетін құрал ретінде қарастырылмайды. Медициналық көмектің қупиялышты, емделушінің мәдениетін, дінін, саяси және өзген де көзқарастарын сыйлау, медициналық шара қолдануларға ақпаратты келісім беру, күтуді бірлесе жоспарлау және жүзеге асыру, сонымен қатар, емделушінің өз бетімен шешім қабылдауы, немесе осы емделушінің заңды өкілінің шешім қабылдауы сынды аспектілері автономия қагидатымен байланысты. Әділдік қағидаты/ зиян келтірмеу- медицина қызметкерлерінің мәртебесіне, әлеуметтік жағдайына, мамандығына және сыртқы ахуалдарға қарамастан барлық емделушілерге бірдей қарау және

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер іci-2» кафедрасы		80-11-2024 () 60 беттің 18 беті
Әдістемелік нұсқаулық		

бәріне бірдей көмек көрсету. Осы қағидат, сондай ақ, медициналық қызметкер қандай бір көмек көрсетсе де, оның әрекеттері емделушіге және өзге де тұлғаларға нұқсан келтірмеуі тиіс.

Емделуші мен оның туыстары немесе өзге де медицина қызметкерлері арасындағы кикілжің туындаған жағдайларда, осы қағидатты басшылыққа ала отырып, біздер емделушінің мұддесін қорғауымыз қажет.

Толыққанды медициналық көмек көрсету қағидаты кәсіби медициналық көмекті және емделушігे кәсіби көзқарасты, сапалы диагностикалау және емдеу жүргізу үшін денсаулық сақтаудың барлық мүмкіндігін қолдануды, профилактикалық шарапарды және паллиативті көмек көрсетуді көздейді. Осы қағидат денсаулық сақтау саласына қатысты барлық заңнамалық нормалардың сақталуын, сонымен қатар этикалық кодекстің барлық ережелерінің сақталуын талап етеді. Медицина қызметкерінің рухани жауапкершілігі оның медициналық этиканың барлық қағидаттарын сақтауын тұспалдайды.

Медициналық-деонтологиялық ұстанымының қалыптасуы мен дамуы. Оқыту процесіндегі деонтология мен этика. Этикалық деонтологиялық ұстанымдардың сабактастыры. Медицина қызметкерлері қызметіндегі деонтология элементтері.

Медициналық деонтология термині 1803 жылға қарай ағылшын жазушысы және дәрігері Томас Персиаль медициналық мекемелердегі дәрігер мамандардың талаптарын және қабілеттерін сипаттайтын құжатты жариялағанда дүниеге келді.

Медициналық деонтология-наукасқа зиян тигізу мүмкіндігін болдырмайтын және науқасты емдеу және аурулардың алдын алу тиімділігінің артуына септігін тигизетін барынша көмек көрсетуді тұспалдайтын кәсіби міндеттерді орныдау кезінде меджұмыскердің мінез-құлқының этикалық нормалары мен принциптерінің жиынтығы. Ол медицина қызметкерлерінің науқастарды емдеу және сауықтыру шараларының тиімді нәтижелеріне қол жеткізуі үшін, этикалық нормалар мен мінез-құлқы ережелерін қатаң сақтауға бағытталған.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жүппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер:

1. Сананың ... құрылымы адамды қоршаған шындыққа, өзгеріске, осы шындықтың қайта құрылуына белсенді әрекет етуіне бағытталған.

- a) <variant>бейнелі
- b) <variant>саналы
- c) <variant>шығармашылық
- d) <variant>басты
- e) <variant>бағалаушы

2. Жалпы ұғымдар, этикалық, эстетикалық қондырмалар, құқықтық нормалар, жинақталған қоғамдық білімдер танымдық әрекеттің тәсілдері, формалары ... басты дерек көзі болып табылады.

- a) <variant>әлеуметтік- мәдени ортаның
- b) <variant>сыртқы әлемнің
- c) <variant>рухани әлемнің
- d) <variant>ми қызметінің
- e) <variant>орталық жүйке жүйесінің

3. Адамның өзін-өзі бағалауымен байланысты барлық түсініктерінің салыстырмалы түрдегі тұрақты жиынтығы ... деп аталады.

- a) <variant>жеке тұлға

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттің 19 беті

b) <variant>сана

c) <variant>өзіндік сана

d) <variant>«мен –тұжырым»

e) <variant>бейсаналық құрылымы

4. Жаңа бейнелер жасауға негіз болатын шығармашылық қабілет ... деп аталады.

a) <variant>қиялдау

b) <variant>қабылдау

c) <variant>есте сақтау

d) <variant>сезіну

e) <variant>түйсіну

5. Адамда барлық үдерістердің өзара байланысын қамтамасыз ететін, бірізділікті, үздіксіздікі және олардың ағымдануының мақсаттылығын біріктіретін психикалық бейнелеудің ерекше формасы... деп аталады.

a) <variant>ойлау

b) <variant>бейсаналық

c) <variant>сана

d) <variant>сезім

e) <variant>эмоция

6. Адам ... белсенділікті алып жүруші.

a) <variant>адами

b) <variant>жекелік

c) <variant>нысана ретінде

d) <variant>индивид

e) <variant>тұлға

7. Адамды ұзак мерзімге жаулап алатын және билейтін, күшті ,тұрақты, сезім ... деп аталады.

a) <variant>сезім

b) <variant>аффект

c) <variant>көңіл күй

d) <variant>ынтығу

e) <variant>фрустрация

8. Сана қалыптасуы үшін шешуші фактор ... болды.

a) <variant>енбек құралдарын жасау және тіл мен сөздің пайда болуы

b) <variant>мемлекет пен құқықтың пайда болуы

c) <variant>діннің пайда болуы

d) <variant>жағымсыз табиғи жағдайлар

e) <variant>мал шаруашылығы мен жер өндеудің дамуы

9. Субъект өзіне есеп бермейтін әсердегі шындықтың құбылыстарымен қамтылған, психикалық үдерістер, актілер мен жағдайлардың жиынтығы ... деп аталады.

a) <variant>өзіндік сана

b) <variant>санасыздық

c) <variant>сана

d) <variant>астарлы сана

e) <variant>өзін басқару

10. ... мінез- құлық көп деңгейде астарлы сана (әуестену) ықпалына бағынады деп нақтылаған психоаналитикалық теорияның негізін салушы.

a) <variant>З.Фрейд

b) <variant>А.Маслоу

c) <variant>М.Вертхаймер

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	60 беттің 20 беті

- d) <variant>Э.Берн
e) <variant>У.Найссер

Ситуациялық есеп

- Тұлғаның қандай қасиеттері адамның заттармен, қашықтықпен, жақындықпен, жақындықпен, адамдармен қарым-қатынасын көрсетеді.
- Адамның 5 негізгі қасиеті бар. Олар тұрақтылықтың, концентрацияның және тұрақты қарқындылықтың жоғары деңгейіне төтеп бере алғатын адамның қасиеттерін атайды.

6-сабак

5.1. Тақырыбы: Коммуникативті үрдіс және коммуникативті дағдылар туралы

5.2. Сабактың мақсаты:

Психиканың даму процесінің негізгі заңдылықтарын және психикалық іс-әрекет тетіктерін білу негізінде тұлғаның психологиялық құзіреттілігін қалыптастыру, тиімді қарым-қатынас және тұлғага психогигиеналық қатынас дағдыларын, сондай-ақ кәсіби маңызды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.3. Оқыту міндеттері:

- Психологиялық ғылым және оның қоғамдық және гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орны туралы түсінік қалыптастыру.
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру.
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Коммуникация - басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнату.

Коммуникативтік дағдылар – дәрігердің жұмыс барысына байланысты басқа субъектілермен (адамдармен, науқаспен, оның жақындары және туысқандарымен, әріптестерімен, т.б.) тиісті дәрежеде қарым-қатынас жасай отырып, медициналық жәрдем шараларышың тиімділігі мен нәтижесін арттыру.

Қатынасада субъектілер (адамдар) сөз, мимика және дене кимылы арқылы, бір-біріне мәлімет тасымалдаپ, әрекеттеседі. Вербалды коммуникация - адамдардың қатынасу үшін белгі (знак) жүйесі ретінде сөзді қолдануы. Вербалды емес коммуникация — қатынасу үшін тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану (жест, мимика, дауыс ыргагы, көзбен жанасу). Өзара мәлімет алмасу арқылы қарым-қатынасқа түсken адамдар сұхбаттаса келе, бірін-бірі түсініп, танысады.

Өзара қарым-қатынас жасау үшін, кем дегенде екі адам болуы қажет, олардың әркайсысы субъект ретінде саналады. Коммуникатор - ақпаратты жіберуші адам. Коммуникант (адресат) - ақпаратты кабылдаушы адам. Коммуникация арнасы - жіберушіден қабылдаушыға ақпараттың жүру жолы. Адамдардың өзара қатынаска түсі — олардың іс-әрекетіне тікелей байланысты болады. Қажеттілігіне қарай, қатынасқан адамдар әрекеттесіп, өзара мәлімет жинастыра келе, түсінушілік тудыруға тырысады. Қатынасу арқылы адам өз басының ерекшеліктерін, ой-максатын, басқа адамға түсіндіріп, білдіруге ықпал жасайды. Қатынаудың түрлері және даму барысы адамдардың әлеуметтік жағдайына, олардың қоғамдағы орнына, қоғам заңдары мен құқық ережелеріне байланысты болады.

Қатынасу процесінде, адамға тән, көптеғен психикалық құбылыстар қатысады. Олар арқылы адам, адамзат жинастырган тәжірибелі тұжырымдайды, қолданады.

Коммуникативтік білгерлік (компетенттік) – дәрігердің басқа адамдармен (науқас, оның жақындары және туыстары, әріптестері, т.б.) вербалды және вербалды емес тәсілдерді нәтижелі қолдана білуі арқылы қарым-қатынас жасау қабілеті.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттің 21 беті	

Қатынасу арқылы адамдар бір-біріне коммуникативтік түрғыдан әсер етуі мүмкін. Адамдардың бір-бірімен араласуында түрлі әлеуметтік және психологиялық спецификалы коммуникативтік кедергілер байқалуы мүмкін. Оның себептері - қатынасқан адамдардың, бір-бірінен қатты айырмашылығы болуы, оның ішінде: бірін-бірі түсінбеуі және мамандық, саяси, діни, әлеуметтік көзқарастарының болуы. Коммуникативтік кедергілер тек психологиялық негізінде де дамуы мүмкін, олар адамдардың жекеше (индивидуальды) психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Дәрігердің қарым-қатынас дағдыларының маңыздылығы

Ежелгі заманда дәрігерлердің саны өте шамалы болғандықтан, олар кызметтін өзі ғана атқарып, басқа әріптестерімен қарым-қатынас жүргізбеген. Мысалы, «земский» дәрігер жалғыз өзі белгілі аймақты мекендейтін түрғындарға толық медициналық жәрдем көрсеткен, барлық ауруларды өзі емдеген. Яғни, бұл дәрігерлердің медициналық тәжірибесі өте кең болған, олар терапевтік, хирургиялық, акушерлік және гинекологиялық, стоматологиялық, т.б. дәрігерлік мамандықтар бойынша халыққа жәрдем беріп отырған.

Қазіргі таңда дәрігерлер қатары күрт өсті, осыған орай медициналық мамандар саны да көбейді. Бұғінгі күні дәрігерлік жәрдем 300-ден астам медициналық мамандық бойынша көрсетіледі. Сонымен катар, жаңа диагностикалық және емдеу технологияларын, аппараттарды колдануға байланысты, медициналық мекемелерде көптеген техникалық мамандар да жұмыс атқарады. Осыған байланысты, бұғінгі дәрігер жұмыс бабына қарай күнделікті көптеген әріптестерімен, медициналық орта буынды кызметкерлермен, науқас және оның жақын туыстарымен тікелей қарым-қатынаста болады. Мұндай жағдайда, дәрігер жұмысының нәтижелілігі, карамағындағы аурулардың тағдыры, оның әріптестерімен және басқа медициналық қызметкерлермен дұрыс қатынас құруына байланысты болады. Мысалы, емдеуші дәрігер ауруханада жатқан немесе емханаға қабылдауға келген науқастарының ауруын анықтау үшін түрлі арнайы зерттеу жүргізетін әріптестерімен қатынасады Оларға аурудын дерті жөнінде мәліметті ортаға салып ақылласады тиімді, зерттеу тәсіл түрін таңдауға, дерптің назар аудараптың ерекшеліктерін ескертаді. Ал жедел, адамның өміріне қауіп тұған жағдайларда, аурудың диагнозын тез арада анықтап, жедел жәрдем беру үшін, дәрігер зерттеу жүргізуші әріптестерін ескертіп, келісіп, диагностикалық шараларын кезектен тыс ұйымдастырады.

Коммуникативтік дағдылар - біліктілік және коммуникативтік дағдылар басқалармен сөздер арқылы мен оларға жел: ым арқылы, қанылтыр, тіл дene және бейне. Бұл құқық сигналдарды және оларды дұрыс шешім жіберуге қалай кіреді.

Тиімді коммуникативтік дағдылар - өмірдің барлық дерлік аудандарында табысының негізі болып табылады. олар өмір бойы үйлесімді дамыту болса, онда ол жеке және іскерлік екі, тұлғааралық қарым-қатынастар құру кілті болмақ.

Коммуникативтік дағдылар тұғаннан кейін бірден дерлік адамдардың дами бастайды. Ол бала айтуға үйренеді бұрын, оңай оны қоршап, адамдармен өзара болады деп саналады.

Қатаң жеке құрылған Коммуникативтік дағдылар тұлғалық. олардың дамуына әсер ететін факторлардың көп: ол ата-аналар және туыстарымен қарым-қатынас болып табылады, ал кейінрек құрдастары, әріптестерімен және басшылықпен. адамның қоғамдағы Сонымен катар, маңызды және жалпы әлеуметтік рөлі.

Медицина қызметкерінің коммуникативті білгерлігі-кәсіби маңызды қасиет. Мамандығына байланысты медициналық қызметкер үнемі және тығыз, қарқынды қарым-қатынас жасауға мәжбүр болады: науқастармен және олардың туыстарымен, жақындарымен, басқадай медициналық қызметкерлерімен (дәрігер, әріптестері, мейірбикелер, кіші мейірбикелер, мекеме әкімшілігімен т.б). Тиісті мамандық дәрежеге және табысқа жету үшін медициналық қызметкер қатынасу білгерлігін, басқа адамдармен қарым-қатынас тәсілдерін, үнемі дамытып, жетілдіріп отыруы қажет. Науқаспен тиімді психологиялық жанасу арқылы

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттің 22 беті

нақтылы түрде және толық мәлімет жинастыру мүмкіншілігі туады. Медициналық қызметкердің алдында тұрған мәселелердің нәтижелі шешілуі, ауру адаммен сенімділігін және тусіністік жағдайға жетуі, оның қарым-қатынас икеміне, яғни коммуникативті білгерлігіне байланысты.

Коммуникативті білгерлік (компетенттілік) дегеніміз-медицина қызметкерлерінің басқа адамдармен (науқас және оның жақындары мен туыстары, дәрігер, әріптестері, кіші мейірбикелер т.б.) коммуникация тәсілдерін нәтижелі қолдана білу арқылы қарым-қатынас жасау қабілеті. Медицина қызметкерінің емдеу шараларының дәлдігі мен дұрыстырына құдікті болмаған және медициналық қызметкерге толық сенім білдірген жағдайда ғана науқас қажетті процедураларды сеніммен өтеді. Алайда, медицина қызметкері мен науқас арасында мұндай психологиялық жанасу тұрактанбаса, ол нұсқаулықтарды немесе орындағанда, басқа медициналық қызметкерге бас бұрып немесе өзін-өзі емдеуге мәжбүр болады.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жүппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер:

1. Коммуникация арнасы деп ... айтады.

- a) <variant>жіберушіден қабылдаушыға ақпараттың жүру жолын
- b) <variant>науқаспен медицина қызметкерінің арасындағы қатынасты
- c) <variant>адамдардың жанасуын
- d) <variant>коммуникативтік үрдісті
- e) <variant>ақпаратты қабылдаушы адамды

2. Коммуникативтік білгерлікке ... жатады.

- a) <variant>басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнату
- b) <variant>вербальды және вербальды емес тәсілдердің нәтижелі қолдана білу
- c) <variant>қатынасу үшін белгі жүйесі ретінде сөзді пайдалану
- d) <variant>тілден басқа белгілердің қосынша пайдалану
- e) <variant>адамдардың өзара қатынасқа түсүі

3. Императивті қатынаста ... көрінеді.

- a) <variant>авторитарлық және директивтік әрекет жасау
- b) <variant>алдау арқылы қатынас жасау
- c) <variant>ұстамдылық көрсетілу, тепе-тендік жағдайы
- d) <variant>партнерды түсініп қатынас жасау
- e) <variant>тәрбие негізінде тұлға аралық қатынас орнату

4. Диалогтық қатынаста:

- a) <variant>ұстамдылық көрсетіліп, тепе-тендік жағдайы туады
- b) <variant>авторитарлық және директивтік әрекет жасалады
- c) <variant>алдау арқылы қатынас жасалады
- d) <variant>партнерды түсініп қатынас жасалады
- e) <variant>бұйрық және әмір түрінде қатынас жасалады

5. Коммуникатор:

- a) <variant>адамдармен байланысу
- b) <variant>ақпаратты қабылдаушы адам
- c) <variant>ақпаратты жіберуші адам
- d) <variant>науқас адам
- e) <variant>медициналық қызметкер

6. Медицинаның негізгі бағыты ... болып табылады.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттің 23 беті

- a) <variant>науқастарды емдеу
- b) <variant>ауру пайда болуын ғылыми зерттеу
- c) <variant>жаңа дәрілік заттарды жасап шығару
- d) <variant>профилактика
- e) <variant>науқас психологиясын зерттеу

7. Оң эмоционалды қатынас түріне ... жатады.

- a) <variant>симпатия
- b) <variant>эмпатия
- c) <variant>сезім
- d) <variant>достық
- e) <variant>сенім

8. Науқастың жан дүниесін көре білу қабілеті, оның сезімдерін жеткізе білу ... деп аталады.

- a) <variant>эмпатия
- b) <variant>асимпатия
- c) <variant>сенім
- d) <variant>сезімдер
- e) <variant>гипнотизм

9. Ара қатынастың ішкі құрылышына ... жатады.

- a) <variant>коммуникация, перцепция, интеракция
- b) <variant>коммуникация, интеракция, апперцепция
- c) <variant>интеракция, апперцепция, перцепция
- d) <variant>синестезия, коммуникация, перцепция
- e) <variant>апперцепция, коммуникация, интеракция

10. Қарым-қатынас жасауды арқылы науқастың ойларымеен, көңіл-күйімен және мүдделерімен танысуы, хабардар болуы нәтижесінде әрекеттесуі... деп аталады.

- a) <variant>коммуникативтік үрдіс
- b) <variant>коммуникативтік біліктілік
- c) <variant>коммуникативтік дағдылар
- d) <variant>коммуникативтік потенциал
- e) <variant>коммуникативтік әрекет

Ситуациялық есеп

Мейіргер үнемі наразы, ашуланшақ. Ұсақ, талапшыл ұсақ-түйекке ренжіді. Эмоционалды түрде кедей. Өзін командаға қарсы қоюды ұнатады. Өзі үшін маңызды мақсаттарға жетуде өте талапшыл. Сенімді, беделді.

1. Темпераментті көрсетіңіз.
2. Жеке сипаттаманы анықтаңыз.
3. Өзара әрекеттесу жолдарын анықтаңыз.

7-сабак

5.1. Тақырыбы: Вербальды және вербальды емес қарым-қатынас. Адамның адамды қабылдауының механизмдері.

5.2. Сабактың мақсаты:

Психиканың даму процесінің негізгі заңдылықтарын және психикалық іс-әрекет тетіктерін білу негізінде тұлғаның психологиялық құзіреттілігін қалыптастыру, тиімді қарым-қатынас және тұлғаға психогигиеналық қатынас дағдыларын, сондай-ақ кәсіби маңызды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.3. Оқыту міндеттері:

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	60 беттің 24 беті

- Психологиялық ғылым және оның қоғамдық және гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орны туралы түсінік қалыптастыру.
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру.
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Қарым-қатынас әртүрлі құралдар арқылы жүзеге асырылады.

Вербалды қарым-қатынас (символдық) сөздердің көмегімен жүзеге асырылады. Вербалды қарым-қатынас құралдарына адамның сөйлеуі жатады. Қарым-қатынас мамандары қазіргі заманғы адам бір күнде шамамен 30 мың сөз немесе сағатына 3 мыңнан астам сөз айтады деп есептейді.

Сонымен, тіл - бұл адамдардың ойларын, сезімдерін және ерік-жігерін білдіру құралы ретінде қызмет ететін және адамдар арасындағы қарым-қатынастың ең маңызды құралы болып табылатын белгілер жүйесі және оларды байланыстыру тәсілдері.

Вербалды емес қарым-қатынаста вербалды емес белгілер (поза, жест-ишара, мимика, интонация, көзқарас, кеңістікте орналасу және т.б.) ақпаратты жеткізу құралы болып табылады.

Негізгілеріне вербалды емес қарым-қатынас құралдарына жатады:

Кинестика - қарым-қатынас процесінде адамның сезімдері мен эмоцияларының сыртқы көрінісін қарастырады. Оған мыналар жатады:

- қимыл;
- мимика;
- пантомимика.

Қымыл. Қымылдар - бұл қолдар мен бастардың әртүрлі қымылдары. жестау тілі - өзара түсіністікке жетудің ең көне тәсілі. Әртүрлі тарихи дәуірлерде және әртүрлі халықтарда жест-ишаралық өзіндік жалпы қабылданған тәсілдері болған. Қазіргі уақытта тіпті жестау сөздіктерін жасауға талпыныс жасалуда. Қымылмен жүзеге асырылатын ақпарат туралы көп нәрсе белгілі. Ең алдымен, жест-ишара саны маңызды. Әртүрлі халықтар жест-ишаралық күші мен жиілігінің әртүрлі мәдени нормаларын дамытып, сезімдерді білдірудің табиғи формаларына енді. Әртүрлі мәдениеттердегі жест-ишаралық жиілігі мен күшін зерттеген М.Аргайлдың зерттеулері бір сағаттың ішінде финдер 1 рет, француздар 20, итальяндықтар 80, мексикалықтар 180 рет жест-ишара жасағанын көрсетті.

Қымылдың карқындылығы адамның эмоционалдық қозуының жоғарылауымен, сондай-ақ серікtestер арасында толық түсіністікке қол жеткізгісі келсе, өсіресе қын болса, артуы мүмкін.

Мимика. Мимика - бұл бет бүлшықеттерінің қозғалысы, сезімнің негізгі көрсеткіші. Зерттеулер көрсеткендей, әңгімелесушінің беті қозғалмайтын немесе көрінбейтін болса, ақпараттың 10-15% дейін жоғалады. Мимиканың негізгі сипаттамасы оның тұтастығы мен серпінділігі болып табылады. Бұл бет әлпетінде алты негізгі эмоционалдық күй (ашу, қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, жиіркеніш) бар екенін білдіреді. бет бүлшықеттерінің барлық қозғалыстары үйлестірілген. Мимикалық жоспардағы негізгі ақпараттық жүктемені қастар мен еріндер көтереді.

Көрнекі байланыс, сонымен қатар қарым-қатынастың ерекше маңызды элементі болып табылады. Сөйлеушіге қараша - бұл қызығушылықты ғана емес, сонымен бірге олардың бізге айтқандарына назар аударуға көмектеседі. Қарым-қатынас жасайтын адамдар әдетте бір-бірінің көзіне 10 секундан аспайды. Егер бізге аз қаралса, бізге немесе біздің айтқанымызға нашар қарайды деп сенуге негіз бар, ал егер тым көп болса, бұл бізге қындық немесе жақсы

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 60 беттің 25 беті

көзқарас ретінде қабылдануы мүмкін. Сонымен қатар, адам өтірік айтқан кезде немесе ақпаратты жасыруға тырысқанда, оның көзі сөйлесу уақытының 1/3 бөлігінен аз уақытында серіктесімен кездесетін байқалады.

Пантомимика - бұл жүріс, поза, поза, бүкіл дененің жалпы моторикасы.

Жүріс - адамның қозғалыс стилі. Оның құрамдас бөліктері: ырғақ, адым динамикасы, қозғалыс кезінде денені тасымалдау амплитудасы, дene салмағы. Адамның жүріс-тұрысы бойынша адамның әл-ауқатын, мінезін, жасын бағалауға болады. Психологтардың зерттеулерінде адамдар жүріс-тұрысынан ашу, қасірет, мақтаныш, бақыт сияқты эмоцияларды танитын. "Ауыр" жүріс ашуланған адамдарға, "женіл" жүріс қуанышты адамдарға тән екені анықталды. Тәкаппар адамның ең үлкен адым ұзындығы бар, ал егер адам қиналып жатса, оның жүрісі баяу, күйзеліске ұшырайды, ондай адам жоғарыға немесе жүріп бара жатқан бағытқа сирек қарайды.

Қалып — бұл дененің қалпы. Адам ағзасы 1000-ға жуық тұрақты әртүрлі позицияларды қабылдауға қабілетті. Поза қарастырылып отырган адамның басқа қатысушылардың мәртебесіне қатысты өз мәртебесін қалай қабылдайтынын көрсетеді. Мәртебесі жоғары адамдар босаңыған позаны қабылдайды. Әйтпесе, жанжалды жағдайлар туындауы мүмкін.

Психолог А.Шефлен вербалды емес қарым-қатынас құралы ретінде адам қалпымың рөлін алғашқылардың бірі болып көрсетті. В.Шюбц жүргізген кейінгі зерттеулерде позаның негізгі семантикалық мазмұны жеке адамның өз денесін әңгімелесушіге қатысты орналастыруынан тұратыны анықталды. Бұл орналастыру қарым-қатынастың жақындығын немесе бейімділігін көрсетеді.

Адамның қолдары мен аяқтарын айқастырып тұрған қалпы жабық деп аталады. Кеудеге айқастырылған қолдар - адам өзі мен әңгімелесуші арасында қоятын тоскауылдың өзгерілген нұсқасы. Жабық поза сенімсіздік, келіспеушілік, қарсылық, сын қалпы ретінде қабылданады. Сонымен қатар, мұндай позициядан алынған ақпараттың шамамен үштен бірін әңгімелесуші игермейді. Бұл қалыптан шығудың ең оңай жолы - бір нәрсені ұстауды немесе қарауды ұсыну.

Қолдар мен аяқтар айқаспайтын, дene денесі әңгімелесушіге бағытталған, алақандар мен аяқтар қарым-қатынас серіктесіне қарай бұрылған поза ашық деп саналады. Бұл сенім, келісім, ізгі ниет, психологиялық жайлыштық позициясы.

Әңгімелесушімен түсіністікке жетудің ең жақсы жолы - оның қалпы мен жест-ишарасын көшіру.

Таксисика — вербалды емес қарым-қатынас процесіндегі жанасудың рөлі. Мұнда қол алысу, сүйісу, сипау, итеру т.б. Динамикалық жанасулар ынталандырудың биологиялық қажетті түрі екені дәлелденді. Адамның қарым-қатынаста динамикалық жанасуды қолдануы көптеген факторлармен анықталады: серіктестердің мәртебесі, олардың жасы, жынысы, танысу дәрежесі.

Проксемика - ең тиімді қарым-қатынас аймақтарын анықтайды. Э.Холл қарым-қатынастың төрт негізгі бағытын анықтайды:

- Интимдік аймақ (15-45 см) - оған адам өзіне жақын адамдарды ғана қабылдайды. Бұл аймақта тыныш құпия әңгіме жүргізіледі, тактильді байланыстар жүзеге асырылады. Бұл аймақты бөгде адамдардың бұзуы ағзадағы физиологиялық өзгерістерді тудырады: жүрек соғу жиілігінің жоғарылауы, қан қысымының жоғарылауы, басына қанның ағуы, адреналиннің болінуі және т.б. Бұл аймақта "бөтеннің" басып кіруі қауіп ретінде қарастырылады.

- Жеке (жеке) аймақ (45 - 120 см) - достармен, әріптестермен күнделікті қарым-қатынас аймағы. Тек көрнекі - көз контактісіне рұқсат етіледі.

- Әлеуметтік аймақ (120 - 400 см) - ресми кездесулер мен келіссөздерді, кездесулерді, әкімшілік әңгімелесулерді өткізуге арналған аймақ.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттің 26 беті

- Қоғамдық аймақ (400 см-ден астам) - лекциялар, митингілер, көпшілік алдында сөйлеу және т.б. кезінде адамдардың үлкен топтарымен қарым-қатынас аймағы..

Қарым-қатынас кезінде вербалды емес қарым-қатынасқа катысты дауыстық сипаттамаларға да назар аударған жөн.

Просодика - бұл сөйлеудің ырғақтық-интонациялық жақтарының жалпы атауы, мысалы, дауыс ырғағы, дауыс деңгейі, оның тембрі.

Сіз тек тындал қана қоймай, сөйлеудің интонациялық құрылымын ести білуіңіз керек, дауыс күші мен үнін, сөйлеу жылдамдығын бағалай білуіңіз керек, бұл біздің сезімдеріміз бен ойларымызды іс жүзінде білдіруге мүмкіндік береді.

Табиғат адамдарды қайталанбас дауыспен марапаттағанымен, олар оған бояуды өздері береді. Дауыс ырғағын күрт өзгертуге бейім адамдар, әдетте, сергек болады. Монотонды сөйлейтін адамдарға қарағанда көпшіл, сенімдірек, сауатты және әлдеқайда жағымды.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жүппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер:

1. Коммуникативтік білгерлікке ... жатады.

- a) <variant>вербальды және вербальды емес тәсілдерді нәтижелі қолдана білу
- b) <variant>басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнату
- c) <variant>қатынасу үшін белгі жүйесі ретінде сөзді пайдалану
- d) <variant>тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану
- e) <variant>адамдардың өзара қатынасқа түсуі

2. Императивті қатынаста ... көрінеді.

- a) <variant>алдау арқылы қатынас жасау
- b) <variant>ұстамдылық көрсетілу, тепе-тендік жағдайы
- c) <variant>авторитарлық және директивтік әрекет жасау
- d) <variant>партнерды түсініп қатынас жасау
- e) <variant>тәрбие негізінде тұлға аралық қатынас орнату

3. Вербальды және вербалды емес тәсілдерді нәтижелі қолдана білуі арқылы қарым-қатынас жасау қабілеті ... деп аталады.

- a) <variant>коммуникативтік үрдіс
- b) <variant>коммуникативтік дағдылар
- c) <variant>коммуникативтік потенциал
- d) <variant>коммуникативтік біліктілік
- e) <variant>коммуникативтік төзімділік

4. Коммуникативтік үрдіске ... жатады.

- a) <variant>қарым-қатынас жасау арқылы адамдардың ойларымен, көніл-күйімен және мүдделерімен танысуы
- b) <variant>басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнату
- c) <variant>адамдардың қатынасу үшін белгілі жүйе ретінде сөзді пайдалану
- d) <variant>қатынасу үшін тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану
- e) <variant>вербальды және вербалды емес тәсілдерді нәтижелі қолдана білуі арқылы қарым-қатынас жасау қабілеті

5. Жас маманның кәсіптік әрекетке үйренуі ... деп аталады.

- a) <variant>кәсіптік бейімділік
- b) <variant>кәсіптік білім
- c) <variant>кәсіптік бедел
- d) <variant>кәсіптік төзімділік

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 60 беттің 27 беті

- e) <variant>кәсіптік қабілет
6. Вербальды коммуникацияға ... жатады.
- <variant>тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану
 - <variant>белгі жүйесі ретінде сөзді пайдалану
 - <variant>адамдар сұхбаттаса келе, бірін-бірі түсінісуі
 - <variant>басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнатуы
 - <variant>өзара қымыл ұйымдастыруы
7. Вербальды емес коммуникацияға ... жатады.
- <variant>адамдардың сұхбаттасып бірін-бірі түсінісуі
 - <variant>белгі жүйесі ретінде сөзді пайдалану
 - <variant>тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану
 - <variant>басқа адамдармен байланысуы
 - <variant>өзара қымыл ұйымдастыруы
8. Мимикаға ... жатады.
- <variant>бет қымылы
 - <variant>дауыс ырғағы, жест
 - <variant>дene қымылы
 - <variant>жест, пантомимика
 - <variant>дауыс ырғағы, дene қымылы
9. Жестикуляцияға ... жатады.
- <variant>дene қымылы
 - <variant>дауыс ырғағы, жест
 - <variant>жест, мимика, пантомимика
 - <variant>бет қымылы
 - <variant>дауыс ырғағы, дene қымылы
10. Визуальды қатынасуға ... жатады.
- <variant>сөз арқылы жанасу
 - <variant>қымыл-әрекет арқылы қатынас жасау
 - <variant>көз жанасуы
 - <variant>бет қымылы
 - <variant>диалог арқылы қарым-қатынас жасау

Ситуациялық есеп

Науқас 3. өршіл, сәтсіздіктер өзіне деген сенімділікті төмендетпейді. Тәкаппар, жігерлі, табанды. Жанжалға бейім. Ол дұрыс болмаса да, кем түспейді. Қарым-қатынаста ол эмпатияға бейім емес. Тек ақпараттылықты бағалайды. Тіпті ауыр сырқат болса да, жұмысын жалғастыруға тырысады.

1. Темперамент түрін көрсетініз.
2. Қарым-қатынастың ұтымды әдісін таңдаңыз.

8-сабак

5.1. Тақырыбы: Коммуникативтік және өзіндік тосқауылдар. Қақтығыстардың пайда болу себептері және шешу жолдары.

5.2. Сабактың мақсаты:

Психиканың даму процесінің негізгі заңдылықтарын және психикалық іс-әрекет тетіктерін білу негізінде тұлғаның психологиялық құзіреттілігін қалыптастыру, тиімді қарым-қатынас және тұлғаға психогигиеналық қатынас дағдыларын, сондай-ақ кәсіби маңызды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.3. Оқыту міндеттері:

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттің 28 беті

- Психологиялық ғылым және оның қоғамдық және гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орны туралы түсінік қалыптастыру.
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру.
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Конфликт термині қазақ тілінде қақтығыс, ерегесу, керісу, жанжал, дау-жанжал, тартыс деген мағыналарда жиі қолданылады. Бұл аталған ұғым, түсініктер оқушыларға білім беру, оқыту, үйрету барысында, оларды тұлға ретінде қалыптастыруда, олардың мәдени қарым-қатынасында, мінез-құлқында жиі көрініс табатыны белгілі.

Оқушылардың даму процесінде, олардың жас және жеке педагог-психологиялық ерекшеліктеріне байланысты, олар арасындағы қақтығыс және оның басқа түрлерінің келіп шығуы, пайда болуы табиғи нәрсе екендігін де ұнтыпаған жөн.

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық туындыларға сүйене отырып, қақтығыстың мынадай түрлерін атауға болады: «тұлғааралық қақтығыстар, отбасындағы (ерлі-зайыптылар) қақтығыстар, басшы-бағынушылар» арасындағы қақтығыстар, әлеуметтік топтар арасындағы қақтығыстар, саяси және мемлекетаралық қақтығыстар және т.б.

Сонымен қатар, педагогикалық мамандыққа қатысты «педагогикалық еңбек, қызметтегі қақтығыстар», инновациялық (жаңалықтар енуімен байланысты) қақтығыстар»ды өз алдына бөліп жеке қарастыруға да болады.

Қақтығыс, конфликт адамдар арасындағы қарым-қатынас психологиясының негізгі бір компоненті болғандықтан сол ұнамсыз қатынастың келіп шығу себептері, факторлары, жағдайлары, оның түрлері, технологиясы мен механизмі, көріністері, дамуы немесе тежелуі, оларды бодырмау немесе шешімін табу жолдары сияқты мәселелерге жан-жақты тоқталамыз. Мамандық саламызға сай тұлғааралық қақтығыстар мәселесі терең де жан-жақты қамтылады.

Субъекттердің өзара әрекетіне қарай отбасындағы қақтығыстар былайша бөлінеді: ерлі-зайыптылар арасындағы, ата-аналар мен балалар, ерлі-зайыптылар мен олардың ата-аналары, әкелер (аталар) мен немерелер арасындағы қақтығыстар.

Басшылар мен оған бағынушылар арасындағы өзара қарым-қатынас ғылымда да, практикада да өзекті мәселе. Мұнда басқарудың стилі, басшының абыройы, сый-құрметі, ұжымда әлеуметтік-психологиялық жағдай-климат жасау мәселелері үлкен мәнге ие.

Басшы мен бағынушы арасындағы қақтығыс себептері объектив және субъектив түрде кездеседі.

Объектив себептер: Қатынастың субординациялық характері функциональды және тұлғалық қатынас арасындағы қарама-қайшылық әрқашан да қақтығыс тудырады;

Кері байланыс дегеніміз- коммуникатордың әрекетіне реципиенттің реакциясы туралы берілетін ақпарат. Кері байланыстың мақсаты – ортақтасу серігіне оның мінез құлыштары өзгелер жағынан қалай қабылданып, сезіліп тұрғанын түсінуге көмектесу болып табылады.

Коммуникациялық кедергілердің түрлері: түсініспеушілік кедергісі, әлеуметтік мәдени айырмашылық кедергілері, қатынас кедергілері.

Түсініспеушілік кедергілері: семантикалық, фонетикалық, стильдік, логикалық.

Фонетикалық кедергі адамдар әр түрлі тілде, диалектте, не сақауланып сөйлегендеге пайда болады. Сөйлеушінің тілі ренкі жоқ, тез, жаңылтпаш , қажетсіз сөздерге толы болған кезде де , түсініспеушілік кедергісі туындаиды

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	60 беттің 29 беті

Семантикалық кедергілер жаргон және слэнг мәселесімен тығыз байланысты. Ортақтасуға қатысушылардың өзіндік шағын мәдениеттерінде ұғымдармен құбылыстардың ерекше мән-мағынасы болады.

Стильдік кедергі – коммуникатор мен реципиенттің тілдік стильдері бір-біріне не тілдің стилі ортақтасу жағдайына, реципиенттің көңіл-күйіне сәйкес келмеуі. Мысалы, балаларға, аспирантарға лекция оқығанда бірдей тақырып болсада, екі түрлі тіл стилі қажет болады. Қайғырып не қуанып тұрған адамға бір ақпаратты әр түрлі мәнерде айтуда тұра келеді. Коммуникатор неғұрлым сезімтал болса, реципиенттің ахуалын, ортақтасу жағдайын үқыпты назарға алса, соғұрлым оның мәлімдемесі реципиентке дұрыс дәрежеде жетеді.

Логикалық кедергілер – сөйлеуші мен тыңдаушының қабылдау логикасы, дәлелдеу жүйесі әртүрлі болғанда пайда болатын . Қоғамда логиклық жүйелер өте көп. Мысалы, балалар логикасы, әйелдер мен ерлер логикасы, басшы мен бағыныштылар логикасы.

Элеуметтік-мәдени айырмалар кедергілері – элеуметтік , саяси діни көзқарастарға, жынысына, жасына, мамандығына байланысты болады.

Катынас кедергісі – коммуникаторды жақтырмайтындықтан оның мәлімдемесіне де қарсы қабылдау сенімсіздік сезімін туғызатын коммуникатордың сөзіне құдікпен қарау.

Кез-келген психологиялық кедергі – ақпарат қабылдау жолында құрылатын реципиенттің өз-өзін қорғауы.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жүппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер:

1. Конфликт - латынның "conflictus" деген сөзінің қазақша мағынасы:

- a) <variant>шекісу
- b) <variant>ашу
- c) <variant>ыза
- d) <variant>қарсыластық
- e) <variant>немқұрайдылық

2. Қақтығыстар ... топтарға бөлінеді.

- a) <variant>горизонтальды, вертикальды, аралас
- b) <variant>аралас, тік, вертикальды
- c) <variant>горизонтальды, тік, вертикальды
- d) <variant>вертикальды, тік
- e) <variant>горизонтальды, аралас, тік

3. Горизонтальды қақтығыс ... болады.

- a) <variant>тұлға және мекеме арасында
- b) <variant>жеке топтар арасында
- c) <variant>бір қатардағы қызметтестер арасында
- d) <variant>мекеме аралық
- e) <variant>бағынышты адамдар арасында

4. Вертикальды қақтығыс ... болады.

- a) <variant>бір-біріне бағынышты адамдар арасында
- b) <variant>бір қатардағы қызметтестер арасында
- c) <variant>тұлға және мекеме арасында
- d) <variant>жеке топтар арасында
- e) <variant>мекеме аралық

5. Қызметтестер арасындағы қақтығыстардың ұйымдастыруышылық маңыздылығына орай конфликттер ... топқа бөлінеді.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 60 беттің 30 беті

- a) <variant>вертикальды және горизонтальды
b) <variant>вертикальды және деструктивтік

- c) <variant>конструктивтік және деструктивтік
d) <variant>горизонтальды және конструктивтік
e) <variant>аралас және горизонтальды

6. Қақтығыс ... деңгейден тұрады.

- a) <variant>3
b) <variant>4
c) <variant>5
d) <variant>2
e) <variant>1

7. Бұл әдісте адам қақтығыстан кетуге тырысады, дәлірек айтқанда келіспеушілік туғызыатын сұрақтарды талқыла ... деп аталады.

- a) <variant>бас тарту
b) <variant>көндіру
c) <variant>мәжбүрлеу
d) <variant>компромисс
e) <variant>проблеманы шешу

8. Адамның басқалардың көзқарастарымен санаспай, өз ойын қайткен күнде де басқага мойында туры ... деп айтылады.

- a) <variant>компромисс
b) <variant>бас тарту
c) <variant>көндіру
d) <variant>мәжбүрлеу
e) <variant>проблеманы шешу

9. Екі жақ кейбір ойларынан бас тартып екеуіне де тиімді ортақ шешім қабылдауды ... деп айтылады.

- a) <variant>компромисс
b) <variant>бас тарту
c) <variant>көндіру
d) <variant>мәжбүрлеу
e) <variant>проблеманы шешу

10. Қақтығысқа кірген медициналық қызметкөр, одан сәтті шығуы үшін ... қажет.

- a) <variant>науқасқа қатаң түрде ескерту жасау
b) <variant>ең алдымен қарсыласына айтарын толық айтуға мүмкіншілік беруі
c) <variant>қайырымдылық көңілін білдіруі
d) <variant>өзінің антипатиясын қарсыласына көрсетпеуі
e) <variant>науқастың ақылдылығына күмән білдірмеуі

Ситуациялық есеп

Ауыр науқас ауруханаға түсті. Науқаста қатты мазасыздық бар, ол қатты сөйлейді, нервтері шекте. Ауруды емдеу қыын болады деген аландаушылық бар, сонымен қатар науқаста дәрігер мен мейіргерге сенімсіздік бар.

Науқас қандай эмоционалды жағдайға/бұзылуға ұшырағанын көрсетініз.

9-сабак

5.1. Тақырыбы: Коммуникативтік біліктілікті дамытуға бағытталған жаттығулар.

5.2. Сабактың мақсаты:

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 60 беттің 31 беті

Психиканың даму процесінің негізгі заңдылықтарын және психикалық іс-әрекет тетіктерін білу негізінде тұлғаның психологиялық құзіреттілігін қалыптастыру, тиімді қарым-қатынас және тұлғаға психогигиеналық қатынас дағдыларын, сондай-ақ кәсіби маңызды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.3. Өқыту міндеттері:

- Психологиялық ғылым және оның қоғамдық және гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орны туралы түсінік қалыптастыру.
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру.
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Тиімді коммуникация орнату үшін, қарым - қатынастың әрбір кезеңінде келесі психологиялық ұстанымдардың болуы шарт:

- көзбен контакт орнату;
- түсінуге ниеттеніп тындау;
- рапорт орнату,
- анық сөйлеу;
- дene қозғалысы мен тілді дұрыс пайдалану.

Тиімді коммуникацияны іске асыруда пайда болатын кедергілер:

- қабылдау айырмашылықтары;
- семантикалық айырмашылықтары;
- вербалсыз кедергілер;
- шамалы кері байланыстар;
- тындау білмеу;

Бұл жерде коммуникация тікелей болғандықтан мұнда ең алдымен ауызекі тіл қолданысқа түседі, вербалды емес амалдар, яғни мимика, ым, ишараптар сөзбен тендей дәрежеде молынан қолданылады. Мәселен, бас изу – белгілі бір нәрсемен келісуді білдірсе, таңғалу – иығын көтеріп, аузын ашуды білдіреді т.б. Құнделікті өмірде мұндай бейвербалды амалдарды көптеп кездестіреміз. Бұл контактілі қарым - қатынастың негізгі ерекшелігі. Соны- мен қатар тікелей қарым-қатынаста уақыт пен кеңістік факторы және «көз контактісі» бірлікте көрініс береді.

Көз контактісі – коммуниканттың бір-біріне деген көзқарасы, олардың ішкі жайқұйінің жағдайы. Мысалы, көзін ары-бері жүгіртіп сөйлеу – коммуниканттың өзіне деген сенімсіздігін көрсетеді. Коммуникация барысында адам серіктесінің көз қимылына қарай өзінің көз қимылының тактикасы мен стратегиясын саналы түрде өзгерте алады. Өйткені сөйлесуші адресатының көзіне немесе бетіне тіке қарап тұрғандықтан, қарсы тараңтың әңгімесінің шынайылығын аңғарады. Яғни коммуниканттың оны тыңдалап тұрғанын, түсініп тұрғанын немесе серіктесінің эмоционалды жағдайының қалай өзгергенін қадағалай отырып, өз әрекетін өзгерте алады. Бірқатар ғалымдардың зерттеулері ауызша қарым-қатынас кезінде коммуниканттар егер бір-бірінің көз қимылдарын жіті қадағаласа, айтылған нәрсelerдің дәл қабылданатынын дәлелдеген. Көз қимылының көмегімен сөйлеуші адресатының сөйлеу әрекетін басқара алады.

Нәтижелі тұлғааралық коммуникацияның психологиялық шарттарының бірі – ортақтасу серіктестерінің тындау техникасын менгеруі. Мұқияттың тындау индивидтен белсенділік пен саналы күш жұмсауды, жігерді қажет етеді. Медициналық қызметкер науқасты мүмкіндігінше белсенді тындауға тырысу қажет. Науқас үшін дәрігердің, оны мұқияттың тындалап отырғанын білу маңызды.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттің 32 беті

Студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың 3 құрылымы қалыптасады: когнитивтік компоненті- бағыттың мазмұны студенттерге коммуникативтік әрекет жасауға мүмкіндік беретін нақты тәсілдерді игеру. Қесіби міндеттерін шешу үшін, қесіби коммуникацияны тиімді қолдану үшін коммуникацияның түрлері, құралдары, формалары, психологиялық әсер ету техникасын менгеруді сипаттайты, - эмоционалды-бағалау компоненті - «дәрігер» және «науқас» түсініктеріне эмоционалды қөзқарасы, өзінің эмоциясын басқара алу,

Эмоционалды тұрақтылығы, науқаспен психологиялық контакт орнату, эмоционалды түрде ортақтаса алу. Эмоционалды іс-әрекеттер, науқастың оған деген сенімін жоғалтып қана қоймай, оларды шаршатып, күдік туғызып, тіпті қорқытады; -мотивациялық компоненті – қесіби дамуға немесе жетілдіруге деген құлшынысы, қесіби іс-әрекетті атқаруға деген ішкі тұрткісінен құралады.

Корытындылай келе, дәрігерлердің коммуникативті дағдыларды қолдануы олардың қесіби қызметіне оң ықпалын тигізді. Бұл науқас жағдайын толық және нақты дәрігерлік бағалауда білінеді. Сапалы медициналық көмек көрсету аясында науқастың қанағаттанушылығы өседі. Олар толық мәнінде бар проблемаларды ұғынады, тексерілудің керектігін, емдік және диагностикалық шаралардың мән-мағынасын түсінеді. Дамыған коммуникативті дағдылары бар дәрігерлердің жетекшілігіндегі пациенттер көп жағдайда терапияға берілген болып келеді және өзінің мінез-құлышының өзгерту жөніндегі кеңестерге сүйенеді, сонымен қатар, өздерінің ауруын алып жүргүре саналы және белсенді түрде қатысады. Оларда ауруы себепші болатын үрейге және депрессияға әуестіктері азаяды. Сонымен қатар, коммуникативті дағдыларды қолдану дәрігерлердің де өмірін жақсартады, қесіби стрессті сезінушілігін төмендетеді, қесіби

«күйіп кетуді» азайтады және қесіби өзін-өзі сыйлаушылықты жоғарлатады. Сол себепті медициналық жоғарғы оку жағдайында студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру және дамыту ең маңызды мәселе.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жүппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер:

- 1.Бір-біріне бағынбайтын адамдар арасындағы қактығыс ... деп аталады.
 - a) <variant>деструктивті
 - b) <variant>горизонтальды
 - c) <variant>вертикальды
 - d) <variant>аралас
 - e) <variant>шекісу
- 2.Клиникалық интервью ... сатыдан құралады.
 - a) <variant>төрт
 - b) <variant>бір
 - c) <variant>екі
 - d) <variant>үш
 - e) <variant>бес
- 3.Күпиялық кепілділігі клиентке ... ұсынылады.
 - a) <variant>интервьюдің 1-ші сатысында
 - b) <variant>интервьюдің 2-ші сатысында
 - c) <variant>интервьюдің 3-ші сатысында
 - d) <variant>интервьюдің 4-ші сатысында
 - e) <variant>интервьюдің 5-ші сатысында

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттің 33 беті

4.Стандарттандырылған сұрақ және есептерден құрылған психологиялық диагностика ... деп аталады.

- a) <variant>сұхбат
- b) <variant>тестілеу
- c) <variant>сұрақ-анкета
- d) <variant>сауалдама
- e) <variant>шәкілдеу

5.Қадағалау сұхбаты ... қолданылады.

- a) <variant>жағымды зерттеулер кезінде
- b) <variant>негізгі мәлімет жинау кезеңінде
- c) <variant>күдікті нәтижелерді тексерген кезде
- d) <variant>диагностика кезінде
- e) <variant>емдік эсер болмаған кезде

6.Науқастардың дертіне көзқарасының ең жиі кездесетін нұсқасы:

- a) <variant>ипохондриялық
- b) <variant>үрейлі
- c) <variant>сандырактық
- d) <variant>депрессивті
- e) <variant>немкүрайлы

7.Науқастың дертіне нозофобты қатынасы ... деп аталады.

- a) <variant>аурудан қорқу
- b) <variant>ауруға мән бермеу
- c) <variant>ауруды теріске шығару
- d) <variant>дертіне сабырлы көзқарас
- e) <variant>ауруды аса бағалау

8.Науқастың дертіне ипохондриялық қатынасы:

- a) <variant>аурудың ауырлығын аса бағалау
- b) <variant>ауруды теріске шығару
- c) <variant>ауруға мән бермеу
- d) <variant>аурудан пайда табу
- e) <variant>аурудың ауырлығы

9.>... диссимуляция деп аталады.

- a) <variant>Дерті мен ауру белгілерін саналы түрде жасыру
- b) <variant>Науқастың жасандылығы
- c) <variant>Ауру симптомдарын саналы түрде асыра айту
- d) <variant>Науқастың оз жөні түрде айтуға көнілі болмауы
- e) <variant>Науқастың өз дертінің ауырлығын аса бағалауы

10.Симуляция бұл:

- a) <variant>ауру тұлғасының дерт туралы өз көрінісі
- b) <variant>науқас ауырсыну жағдайына өз құндылықтарының ішінен жоғары орын

береді

- c) <variant>саналы түрде дерттің белгілерін ұсынып, шағымдануы
- d) <variant>науқастың ауруға психологиялық реакциясы
- e) <variant>науқас ауруын және оның белгілерін сезініп ұқпайды

Ситуациялық есеп

Мейіргер эмпатияны білмейді. Эмоционалды түрде кедей. Өзін командаға қарсы қоюды ұнатады. Ол үшін маңызды мақсаттарға жетуде өте талапшыл. Беделді, көбінесе жалған.

1. Темперамент түрін анықтаңыз.
2. Қарым-қатынастың ұтымды әдісін таңдаңыз.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттің 34 беті

10-сабак

5.1. Тақырыбы: Темперамент, оның түрлері.

5.2. Сабактың мақсаты:

Психиканың даму процесінің негізгі заңдылықтарын және психикалық іс-әрекет тетіктерін білу негізінде тұлғаның психологиялық құзіреттілігін қалыптастыру, тиімді қарым-қатынас және тұлғаға психогигиеналық қатынас дағдыларын, сондай-ақ кәсіби маңызды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.3. Оқыту міндеттері:

- Психологиялық ғылым және оның қоғамдық және гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орны туралы түсінік қалыптастыру.
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру.
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Темперамент (латын тілінен аударғанда- “қоспа, сәйкестілік”) деп, әдетте, адамның психикасының сипатын оның байсалдылық және қозғалтқыштық деңгейін анықтайтын туа біткен ерекшеліктерін атайды.

Неміс философы **И.Кант** өзінің “Антропология” деген еңбегінде темпераменттің 4 түрі туралы толық психологиялық сипаттама береді. Бірақ ол темперамент пен мінез ұғымдарын бір – біріне балама ретінде қарастырды.

Неміс анатомы **Гейне** темпераменттердің түрліше болуы жүйке жүйесінің тонусына байланысты десе, орыс антропологы **Н.Л.Зеланд** ми қабықшасындағы молекулярлық қозғалыстың жылдамдығы мен біркелкілігіне байланысты деді.

Орыс педагогы **П.Ф.Лесгафт** темпераменттерді қан сауыттарының жуандығы мен кеңдігіне байланысты деп тұжырымдады.

Темперамент жеке тұлғаға тән ең тұрақты маңызды ерекшеліктерден құралады. Ол адамның жүріс-тұрысынан, оның өзіне және қоршаған әлемге деген қатынасынан білінеді. Темперамент- бұл қарым- қатынанс жасау барысындағы сыртқы ортаға, айналадағы жағдайға деген психикалық реакцияның сипаты. Темпераменттің негізгі 4 типін бөліп қараймыз:

Сангвиник- ширақ, көпшіл, сыртқы қоздырғышқа тез жауап береді. Бұл қүшті тип, ол өзін-өзі жақсы ұстай алады, байсалды келеді.

Холерик- ширақ, көпшіл, қызба, сыртқы қоздырғышқа жауабы әр түрлі. Шыдамсыз, ашуланшақ болып келеді. Бір нәрсені бастаса оның тоқтату қыын. Олар тік мінезді

Флегматик- селкос, көп қозғалмайтын, сабырлы, ұстамды. Олар бос сөлегенді ұнатпайды, тұйық. Ұзак және бір қалыпты жұмыс жасай алады, күтеде алады.

Меланхолик- селкос, біртоға. Бұл әлсіз тип, оған өзіне-өзі сенімсіздікпен жасықтық тән. Меланхолик ренжігіш, күмәншіл болып келеді.

Организмде қанның пропорциясы артық болса, ол сангвиникалық (лат. “сангиус” – қан), ал шырын басым болса (гр. “флегма” – шырын) флегматик темпераменті деп, ал организмде қара өт басым болса меланхолик (гр. “мелайне – холе” – қара өт), сары өт басым болса, холерик (гр. “холе” – өт) темпераменті деп те аталды.

Жер бетінде қанша адам болса, сонша мінез бар. Эркімнің әдептері әртүрлі. Алдыңғы жазбада адамның оптимистік және пессимистік көзқарастарын талқыла салған едік. Бүгінгі әңгімеміз де болмыс мәселесін төніректейді. Бүгін экстраверт және интроверт

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	60 беттің 35 беті

адамдарға шағын зерттеу жүргіземіз. Бұл терминдерді Швейцария психологі Карл Густав Юнг қолданысқа енгізген еді.

Экстраверт:

- адамдармен тез араласуға бейім тұратын;
- публика алдында сөз сөйлегеннен қысылмайтын;
- кез келген әрекетін сыртқы ортамен бөлісетін адам.

Интроверт:

- жалғыздықты сүйеттін;
- өз-өзімен сөйлескенді ұнататын;
- ішкі әлемінде өмір сүретін жан.

Адам бір іспен шүғылданғанда, тіпті сөйлегенде құш жұмсайды. Әдетте адам энергияны тыныс алу, тамақтану және ұйықтау арқылы алады. Ұйқымыз қанғанда, жаңа құш пайда болғандай әсерде болатынымыз сондықтан. Психологтардың айтуынша, экстраверт адамдар үшін бұл энергия жеткілікті көрінбейді. Сондықтан, олар энергияны қарым-қатынас арқылы басқа адамдардан алады. Экстравертердің үнемі жүрттың назарында болғысы келетіні осы себептен болса керек. Экстравертер алға ұмтылғыш, ашық-жарқын болып келеді. Араласатын адамдары да айтартылғатай көп болады. Себебі, ол кез келген ортаны баурап, адамдардың есінде қала алады. Дегенмен, бұл жұз достың бәрі сенімді деген сөз емес...

Ал интровертер керісінше. Олар көпшілік ортада ұзақ қалғысы келмейді, үнемі жалғыздықты жаңы қалап тұрады. Адамдармен араласып-құраласып кету олар үшін онай емес. Интровертер сезімдерін сыртқа шығара бермейтін салмақты, жабық, тұйық адамдар. Бұл эгоистік емес. Олар үшін қоршаған ортадан өз ішкі әлемі маңызды. Оның бір немесе екі досы болуы мүмкін. Көбіне олардың осы бір не екі досымен өмір-бойы сырласып өтуі ғажап емес. Психологтар сондай-ақ, шығармашылықпен айналысатын адамдардың көбі интроверт болып келеді дейді.

Экстравертер қындыққа душар болғанда, ештеңені ішіне ұстамай, айрықша эмоциямен сыртқа шығарып тастайды. Бұл қоршаған ортандың оған деген көзқарасын өзгертуі мүмкін. Ал интровертер бәрін ішінде сақтайды. Соның кесірінен тығырықтан шығатын жол таба алмай, күйзеліске түсіп кетуі ғажап емес.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жүппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер:

1. Науқастың дертіне деген субъективті көзқарасының психологиялық факторларына ... жатады.

- a) <variant>темпераменті, мінезі
 - b) <variant>мамандығы, темпераменті
 - c) <variant>темпераменті, жасы
 - d) <variant>мінезі, жасы
 - e) <variant>мамандығы, жасы
2. Науқастың дертіне деген субъективті көзқарасының жекеше-конституционалдық факторларына ... жатады.
- a) <variant>темпераменті, мінезі
 - b) <variant>темпераменті , жасы
 - c) <variant>жынысы, жасы, мамандығы
 - d) <variant>мінезі, мамандығы
 - e) <variant>мамандығы , жеке бас қасиеттері

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттің 36 беті

3. Психикалық үдерістердің функциялары:

- a) <variant>тәнім үрдістері
- b) <variant>темперамент және мінез
- c) <variant>психикалық жағдайлар
- d) <variant>психикалық қасиеттер
- e) <variant>шаршау және стресс

4. Адам мінезінің белгілі түрде қалыптасуына себепші фактор ... болып табылады.

- a) <variant>темперамент
- b) <variant>дүниеге қатынас
- c) <variant>нәсіл
- d) <variant>физиологиялық белгі
- e) <variant>ерік

5. Қоғамдық қызметке бағытталған әрекеттер жиынтығы ... деп аталады.

- a) <variant>еңбек
- b) <variant>манипуляция
- c) <variant>операция
- d) <variant>ic-әрекет
- e) <variant>қымыл

6. Адамдардың қарым-қатынас барысындағы бірін-бірі қабылдау үдерісі ... жатады.

- a) <variant>қарым-қатынастың перцептивті түріне
- b) <variant>қарым-қатынастың интерактивті түріне
- c) <variant>қарым-қатынастың әлеуметтік түріне
- d) <variant>қарым-қатынастың информациялы-коммуникативті түріне
- e) <variant>қарым-қатынастың коммуникативті түріне

7. Индивидтің ic-әрекет және қарым-қатынаста ие болған жүйелі әлеуметтік қасиеті ...

деп аталады.

- a) <variant>жеке адам
- b) <variant>нышан
- c) <variant>темперамент
- d) <variant>мотивация
- e) <variant>даралық

8. Бұл типтегі адамдардың қуануы да, кайғыруы да қын және қысқа мерзімді эмоциялық қозумен ерекшеленетін темперамент ... деп аталады.

- a) <variant>флегматик
- b) <variant>холерик
- c) <variant>меланхолик
- d) <variant>сангвиник
- e) <variant>астеник

9. Көніл-қүйге үйлесімсіз ақиқаттарды санадан шығарып тастау қорғанысы ... болып табылады.

- a) <variant>ығыстыру
- b) <variant>жоққа шығару
- c) <variant>көшіру
- d) <variant>окшалау
- e) <variant>жаңалау

10. Сезімі сырттай әлсіз, тұрақты эмоциялық қозумен ерекшеленетін темперамент өкіліне ... жатады.

- a) <variant>меланхолик
- b) <variant>холерик

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 60 беттің 37 беті

- c) <variant>сангвиник
- d) <variant>флегматик
- e) <variant>атлетик

Ситуациялық есеп

Мейіргер сабырлы үнсіз, парасатты. Баяу, өте дәйекті, тәуелсіз. Кейде ол шындықтан алшақты, бейтарап.

1. Темперамент түрін анықтаңыз
3. Қарым-қатынастың ұтымды әдісін таңдаңыз.

11-сабак

5.1. Тақырыбы: Психодиагностика.Әр-түрлі аурулар кезінде медицина қызметкерінің және науқастың қарым-қатынас ерекшеліктері.

5.2. Сабақтың мақсаты:

Психиканың даму процесінің негізгі заңдарының және психикалық іс-әрекет тетіктерін білу негізінде тұлғаның психологиялық құзіреттілігін қалыптастыру, тиімді қарым-қатынас және тұлғаға психогигиеналық қатынас дағдыларын, сондай-ақ кәсіби маңызды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.3. Оқыту міндеттері:

- Психологиялық ғылым және оның қоғамдық және гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орны туралы түсінік қалыптастыру.
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру.
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

«Психодиагностика » сөзі — « психологиялық диагноз қою » дегенді немесе адамның жеке өзінің психологиялық жағдайы немесе қандайда бір психологиялық қасиеттері жайлы сапалы шешім қабылдауды білдіреді. Талқыланып отырған бұл терминнің психологияда екі мағынасы бар. «Психодиагностика» ұғымының бірінші анықтamasы оны алуан түрлі психодиагностикалық құралдарды жасап, оларды практикада пайдалануға қатысты психологиялық білімдердің арнайы саласына жатқызады.

Практикалық психодиагностика психолог іс-әрекетінің әртүрлі саласында қолданылады . Дегенмен психодиагностика психологиялық іс-әрекетінің жеке, өз алдына дербес сферасы ретінде қалыптасқан. Оның басты мақсаты : психологиялық диагноз қою яғни былайша айтқанда, адамның нақты психологиялық жағдайын бағалау.

Мұндай ұғымдағы психодиагностика өз саласында мынадай мәселелерді қарастыратын ғылым болып табылады.

1.Психологиялық құбылыстардың табиғаты мен оларды ғылыми бағалаудың принципті мүмкіндіктері туралы.

2.Психологиялық құбылыстардың принципті түрде танылуы мен сандық бағалануы үшін осы уақытқа дейін қалыптасқан жалпылама ғылыми негізdemeler туралы.

3.Қазіргі уақытта қолданылып жүрген психодиагностика құралдары, қабылданған жалпылама ғылыми методологиялық талаптарға қаншалықты сай келеді.

4.Психодиагностиканың алуан түрлі құралдарына қойылатын негізгі әдістемелік талаптар қандай.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер іci-2» кафедрасы		80-11-2024 () 60 беттің 38 беті
Әдістемелік нұсқаулық		

5. Психодиагностиканы жүргізу жағдайларында, алынған нәтижелерді өндөу құралдары мен сол нәтижелерді қорыту тәсілдеріне қойылатын талаптарды қоса алғандағы практикалық психодиагностиканың нәтижелерінің сенімділігінің негізdemесі туралы.

6. Тесттерді қоса алғандағы психодиагностика әдістерінің ғылымилығын құрастыру мен тексерудің негізгі тәртібі туралы.

«Психодиагностика» терминінің екінші анықтамасы психологиялық диагнозды практика жүзінде қолданумен байланысты психологтың өзіндік саласын көрсетеді. Бұл жерде психодиагностиканы ұйымдастырып өткізуге қатысты таза практикалық мәселелер шешіледі. Оған мыналар кіреді:

1. Психодиагност ретіндеғі психологқа қойылатын кәсіби талаптарды айқындау;

2. Психологтың өз жұмысын сәтті жүргізуі үшін, өзінде болуы тиісті білімдердің, ептіліктер мен дағдылардың жиынтығын білуі;

3. Психологтың практикалық жағдайларды анықтауы, оларды сақтауы, психодиагностиканың өзге де әдістерін сәтті әрі кәсіби түрде игеріп алғандығының кепілі болып табылады.

4. Психодиагностика саласындағы психологты практикалық түрғыда дайындаудың бағдарламаларын, тәсілдері мен әдістерін жасап шығу, сонымен бірге оның осы саладағы біліктілігін бағалау;

Теориялық және практикалық мәселелердің екеуі де бір бірімен тығыз байланысты. Осы салада біліктілігі жоғары маман болуы үшін, психолог психодиагностиканың ғылыми әрі практикалық негіздерін жақсы менгеруі тиіс. Сондықтан теориялық және практикалық мәселелер бірге, олардың қай салаға қатысы бар екендігін анықтамасада талқыланада береді. Практикалық түрғыда психодиагностика психолог қызметінің әр түрлі салаларында, мәселен, ол психологиялық педагогикалық тәжірибелердің авторы болса да, оған қатысуышы ретінде жұмыс істесе де және ол психологиялық кенеспен немесе психологиялық түзету жұмыстарымен шұғылданса да пайдаланылады. Дегенмен де, практикалық психологтың жұмысында психодиагностика қызметтің жеке саласы ретінде көрінеді. Оның мақсаты психологиялық диагнозды қою болып табылады яғни адамның жеке өзінің психологиялық жағдайы. Кез-келген психологиялық — педагогикалық ғылыми тәжірибеде, дәл психодиагностика психологиялық қасиеттердің даму деңгейін білікті түрде бағалауды мақсат етеді. Әдеттегідей бұл осы тәжірибеде тексерілетін, заңды түрдегі өзгерістері болжамдарда болады деп күтілетін қасиеттер. Мәселен, ғылыми психологиялық зерттеулердің мәселелері кейбір заңдар бойынша өмір сүреді немесе белгілі бір дәрежеде әртүрлі айналымдарға тәуелді деген тұжырымдарға қатысты адамның ойлауының кейбір ерекшеліктері болуы мүмкін.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет.

Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер:

1. Тұқым қуалаушылық механизмдерінің адамның мінез-құлқына әсер етуін зерттейтін пән ... деп аталады.

- a) <variant>психодиагностика
- b) <variant>генетикалық психология
- c) <variant>жалпы психология
- d) <variant>психотерапия
- e) <variant>әлеуметтік психология

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	60 беттің 39 беті

2. Адамның қоғамдағы іс-әрекетінің мінез-құлық заңдылықтарын зерттейтін ғылымға ... жатады.

- a) <variant>әлеуметтік психология
- b) <variant>медициналық психология
- c) <variant>жалпы психология
- d) <variant>ұлттық психология
- e) <variant>педагогикалық психология

3. Персонализация:

- a) <variant>өз ерекшелігін тану
- b) <variant>өзін басқа адамдармен теңестіру
- c) <variant>басқаларға икемдесу
- d) <variant>жауап әрекетке келе білу
- e) <variant>жалпы адамшылықты тану

4. Өзара сыйластық жайлаған ортада ... қатынас түрі дамиды.

- a) <variant>үйлесімді
- b) <variant>қайшылықты
- c) <variant>дау-дамайлы
- d) <variant>бейтарап
- e) <variant>тәуелді

5. Ара қатынастардың орнығуына ... кедергі келтіретін қасиет.

- a) <variant>сенімсіздік
- b) <variant>ақ көңілділік
- c) <variant>ашықтық
- d) <variant>достық
- e) <variant>ұйымшылдық

6. Адамдардың енбек барысында әдіс-тәсіл, идея, болжамдарымен бөлісіп, алмасу құралына ... жатады.

- a) <variant>тіл
- b) <variant>ой
- c) <variant>зейін
- d) <variant>қиял
- e) <variant>сезім

7. Жеке адамға байланысты «мен» ұғымынын мәні ... болып табылады.

- a) <variant>өз қадірін сезе білу
- b) <variant>басқаларды бағалау кабілеті
- c) <variant>дүниеге сезімталдық
- d) <variant>заттасқан құндылыққа жақын болу
- e) <variant>астар сана ықпалға тәуелділік

8.3. Фрейд адамның психикалық іс-әрекетін анықтайтын 2 қажеттілікті ... деп айтты.

- a) <variant>либидо, агрессия
- b) <variant>практикалық, сана
- c) <variant>мотив, күйзелу
- d) <variant>сублимация, проекция
- e) <variant>агрессия, ығыстыру

9. Адамды әрекетке итермелеші себеп ... болып табылады.

- a) <variant>қажетсіну
- b) <variant>тілек
- c) <variant>ниет
- d) <variant>сыртқы ықпал

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттін 40 беті

e) <variant>мақсат

10. Соқыр сезім импульсін қауіпті объектіден қауіпсіз объектіге ... деп аталады.

- a) <variant>ауыстыру
- b) <variant>сублимация
- c) <variant>репрессия
- d) <variant>проекция
- e) <variant>изоляция

Ситуациялық есеп

Психологқа 38 жастағы науқас Габденов С. келді. Оның туыстарының айтуына қарағанда, ол өте уайымшыл. Жұмыс орында орынсыз талап қояды, келушілерді де мазалайды. Аса ұқыптылықпен үй ішіндегілерді де мазалайды.

1. Жеке тұлғаның түрін анықтаңыз.
2. Темпераменттің түрін анықтаңыз.

12-сабак

5.1. Тақырыбы: Ятрогенді аурулар мен дәрігерлік қателіктер. Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілік түрлері және медициналық құжаттамалар маңызы.

5.2. Сабактың мақсаты:

Психиканың даму процесінің негізгі заңдылықтарын және психикалық іс-әрекет тетіктерін білу негізінде тұлғаның психологиялық құзіреттілігін қалыптастыру, тиімді қарым-қатынас және тұлғага психогигиеналық қатынас дағдыларын, сондай-ақ кәсіби маңызды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.3. Оқыту міндеттері:

- Психологиялық ғылым және оның қоғамдық және гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орны туралы түсінік қалыптастыру.
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру.
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Ятрогенді аурулар (грекше iatros+gennaо шыгару құрастыру ятрогенияның синонимі) – медицина қызметкерлерінің деантологиялық қателіктерінің, қате, байқамай, сөйлеуінің нәтижесінде пайда болатын психогенндік бұзылыстар.

Дәрігер сөзі немесе ісінің әсерінен пайда болатын пациенттің денсаулығының бұзылыстары дәрігерлерге ертеден белгілі. Дегенмен «Ятрогения» термині 1925жылы неміс психиатры Бумке «Дәрігер жан күйзелістерінің себебі ретінде» еңбегі жарияланғаннан кейін, кеңінен тарап кетті.

Клиникалық қате «жоспарланған әрекетті орындау немесе нәтижеге жетудің қате жоспарын орындау» деп анықталады. Басқа сөзben айтқанда, қателер әрекетті жоспарлағанда немесе оны іске асырғанда жіберіледі. Мысалы ретінде дәрігерлер емдеудің жағымсыз нәтижелері, пациентті шатастырып алу, құлау, күю, қанды дұрыс қўймау секілді жағдайларын келтіреді. Осы терминді ойлап тапқан автордың өз пікрінше, зардабы ауыр қателіктердің көбі, қарқынды терапия мен операция жасайтын және жедел көмек көрсету бөлімшелерінде жиі кезедеседі.

Медициналық тәжірибеде клиникалық қателердің келесі түрлерін жіктейді

Диагностикалық:

-қате немесе кеш қойылған диагноз

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттің 41 беті

- лабораториялық зерттеулер дұрыс болмауы, нәтижесіне сай іс шаралар қолданбау.
Емдік:

- емдеу барысындағы қателіктер
- дәрінің дозасын анықтауда т.б.

Превентивтік:

- профилактикалық емдеудің болмауы, немісіз болмауы қарауы.

Басқа:

- коммуникацияның болмауы
- құрал-жабдықтардың сыйып қалтуы
- жүйенің бұзылышы

Ятрогендік аурудың дамуы үшін дәрігіер мінез- құлқымен қоса, науқастың тұлғалық ерекшеліктеріде маңызды. Науқас тек аурудан емес, сонымен қатар онымен қатарласа жүретін үрей, корқыныш, емнің нәтижесіне сенбек сияқты мәселелерден де зардал шегеді. Сондықтан науқас дәрігердің сезіне, мінез-құлқына, интонациясына, ым-ишарасына аса қатты зейін қояды. Сонымен қатар, науқастың тұлғалық ерекшелігіне және психикалық қалпының дәл осы сәттегі жағдайына байланысты медициналық қызметкердің сезі мен әрекетіне әр науқас әр түрлі реакция береді.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жүппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет.

Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер:

1. Ниетке еріктік күш қосылғанда пайда болатын бағыт-бағдар түріне ... жатады.

- <variant>ұмтылыс
- <variant>ниет
- <variant>көзкарас
- <variant>таным
- <variant>күмарлық

2. Адам өмірін ... мәнді етеді және құрайды.

- <variant>генетика
- <variant>еңбек
- <variant>қайғыру
- <variant>көшіру
- <variant>энергия

3. Өз сезімдерін, тілектерін сана астында басқа адамға беру ... деп айттылады.

- <variant>ауыстыру
- <variant>проекция
- <variant>неофрейдис
- <variant>рационализация
- <variant>изоляция

4. Бұл типтегі адамдардың қуануы да, қайғыруы да қыын және қысқа мерзімді эмоциялық қозумен ерекшеленетін темперамент ... деп аталады.

- <variant>холерик
- <variant>флегматик
- <variant>меланхолик
- <variant>сангвиник
- <variant>астеник

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 60 беттін 42 беті

5. Көніл-күйге үйлесімсіз ақиқаттарды санадан шығарып тастау қорғанысы ... болып табылады.

- a) <variant>жоққа шығару
- b) <variant>көшіру
- c) <variant>ығыстыру
- d) <variant>оқшалау
- e) <variant>жаңалау

6. Сезімі сырттай әлсіз, тұрақты эмоциялық қозумен ерекшеленетін темперамент өкіліне ... жатады.

- a) <variant>холерик
- b) <variant>сангвиник
- c) <variant>флегматик
- d) <variant>меланхолик
- e) <variant>атлетик

7. Аутизмді (жүрттан оқшаулану) патологиялық түйік жеке адам ... типке жатады.

- a) <variant>психастеникалық
- b) <variant>истериялық
- c) <variant>тұрақсыз
- d) <variant>шизоидты
- e) <variant>гипертимдік

8. Адамның өзі жайлы жалпы ұстанымдар жүйесі ... деп аталады.

- a) <variant>«МЕН-концепция»
- b) <variant>өмірлік міндеттер
- c) <variant>ұстанған принциптер
- d) <variant>нәсілдік белгілер
- e) <variant>максат мұрраттар

9. Қоғамда қалыптасқан нормаларға сәйкес емес мінез-құлықтың ғылыми аталуы ... деп аталады.

- a) <variant>делинквентті
- b) <variant>агрессивті
- c) <variant>қауіпті
- d) <variant>девиантты
- e) <variant>ассоциалды

10. Жалпы мақұлданған формадағы жарлық, әлеуметтік мәнді жағдайлар- дағы мінез-құлық ережесі ... болып табылады.

- a) <variant>әлеуметтік норма
- b) <variant>антиәлеуметтік норма
- c) <variant>моральдық норма
- d) <variant>эстетикалық норма
- e) <variant>бейәлеуметтік норма

Ситуациялық есеп

Науқас Д. ұялшақ, қызғаншақ, тәуелсіздікке ұмтылады, жабысқақ, мейірімді. Сенімді және терең қарым-қатынасқа бейім. Тәуекел, қауіп жағдайынан аулақ болады. Өз ісіне жиі өкінеді. Ауру және ықтимал салдары туралы ойларды тастауға тырысады. Аурудың көрінісіндегі айқын нәрсені жоққа шығарады, оларды кездейсоқ жағдайларға жатқызады.

Карым-қатынастың ұтымды әдісін анықтаңыз.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер іci-2» кафедрасы		80-11-2024 () 60 беттің 43 беті
Әдістемелік нұсқаулық		

13-сабак

5.1. Тақырыбы: Ғылыми экспериментпен, диагностика мен емдеудің жаңа жабдықтардың енгізудің, тіндер мен ағзаларды ауыстыруға байланысты этикалық-диагностикалық ұстанымдар.

5.2. Сабактың мақсаты:

Психиканың даму процесінің негізгі заңдылықтарын және психикалық іс-эрекет тетіктерін білу негізінде тұлғаның психологиялық құзіреттілігін қалыптастыру, тиімді қарым-қатынас және тұлғаға психогигиеналық қатынас дағдыларын, сондай-ақ кәсіби маңызды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.3. Оқыту міндеттері:

- Психологиялық ғылым және оның қоғамдық және гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орны туралы түсінік қалыптастыру.
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру.
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Диагностика мен емдеудің жаңа құралдары жануарларға эксперименталдық зерттеу жасалып және де жақсы нәтижелерге қол жеткеннен кейін, адамдарға қолдануға макулданады. Бұл жерде

әруақытта медициналық этика мен деонтология көзқарасы түрғысынан бұл мәселе мүмкін бе деген сұрақ туындаиды. Бұл сұрақ бірмәнді жауап беруге болмайды. Эрқашан толық сенімділікпен диагностика мен емдеудің жаңа құралдары адам денсаулығына зиянсыз деп айта алмаймыз. Истің жақсы аяқталуына толық кепілдіктің болмауының өзі медициналық этика мен деонтологияны бұзудың элементтері бар екенін көрсетеді. Алайда медициналық эксперименттерді жүргізу болмаса ғылым мен медицина прогресс болмас еді, көптеген ауруларды емдеуде осындай зор жетістіктерге жетуіміз мүмкін емес еді. Сөз жоқ, осы мәселелерді шешуде, қоғам мен тұлғаның үйлесімділік байланысына кепілдік беретін жағдайлардың бірқатары сақталуы тиіс.

Бірінші жағдай- нәтижелерін алдын ала жануарларға тексеріп алмай, эксперимент жүргізуі болдырмау.

Екіншісі- эксперимент жүргізуге науқастың келісімінің қажеттілігі. Экспериментті науқастың келісімінсіз тек, ол жағдай науқасты аман алып қалудың жалғыз амалы болып табылған кезде жасауға болады. Препаратты енгізу немесе ота жасау науқастың, өміріне белгілі бір тәуекелділікпен байланысты, сондықтан пациенттің жақын туысқандарының келісімін алу қажет.

Емдеу жүргізуден айырмашылығы, таза ғылыми эксперимент тек еріктілік негізінде жүргізілуі тиіс. Сондай-ақ сынапушы міндетті түрде оның мәні, тәжірибелік және ғылыми құндылығы, сонымен қатар эксперименттің зардаптары туралы да хабардар болуы керек.

Қайсыбір шетел зерттеушілері нәсілдік кемсітушілікті негізге ала отырып, психикалық науқас жандарға, тұтқындағы адамдарға олардың келісімінсіз эксперимент жүргізу мүмкіндігін айтады. Фашистік Германияның дәрігерлері төменгі нәсіл адамдарына әртүрлі эксперименттерді кең түрде жүргізді, сөйтіп медициналық этика мен деонтологияның ұстанымдарын өрескел бұзды.

Медициналық этика мен деонтологияда талас тудыратын мәселенің бірі-ол мәжбүрлел емдеу, оның ішінде мәжбүрлел ота жасау болып табылады. Мәжбүрлел емдеуді психотикалық күйдегі науқастға және де қоршаған жандарға қауіп төндіретін аурулармен тудыратын науқастарға қолданады. Сондай-ақ, жүқпап ауруларына қарсы жаппай екпе егу

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	60 беттің 44 беті

жүргізуді үйімдастыру мәселесі де шешіледі. Екпе егу жүздеген адамдардың өмірін сақтап қалды.

Ауру қоршаған жандарға қауіп төндірмегендегі, бұл мәселенің шешімі тым күрделі, науқас та, оның туысқандары да өмірлік көрсеткіштері бойынша қажетті отадан бас тартады. Мұндай жағдаяттарда күштеп ауруханаға жатқызуға болмайды, алайда адамгершілігі жоғары медицина қызметкерлері науқасқа жедел ота жасап емдеудің қажеттілігі туралы барынша ең көп күш жұмсап сендіруі керек. Медицина қызметкерінің науқасқа немкұрайлы қарым-қатынасы және де одан, оның туған-туысқандарынан қолхат алуы отадан науқастың бас тартуы өлімге соқтырса, мейірбикенің бұл қылышы адамгершілік айып тағуға тұрарлық болады.

Біршама этикалық-деонтологиялық күрделі мәселелер тіндер мен ағзаларды тасымалдауда туындаиды. Соның ішінде, адамгершілік-етикалық тұрғыдан ағзаны тірі донордан ауыстырудың өзін-өзі ақтайтыны қалай? Ағзаны, мысалы бүйректі жақын туыстарынан алып донордың денсаулығына белгілі бір зиян келтіреді және де ол дәрігер эксперименттің сәтті өтуіне, тағы да ауыстырылып салынған ағза көндігіп кету-кетпеуі неғайбыл, оған кепілдік бере алмайды. Алайда адамгершілік және адамды сую қөзқарасы тұрғысынан мұндай эксперименттерге рұқсат етілген, эксперимент ойдағыдай өткенде дәрігерде, донор да адамгершілік түрден рахаттанады.

Соңғы кездері ағзаны мәйіттен алып алмастырып салу кеңінен қолданады. Әрине бір жағынан бұл медициналық және этикалық-куқықтық мәселелерді қозғайды. Ағзаларды өлгені туралы дерек дәлелденгеннен кейін көп ұзатпай алып керек. Бұл өлген адамның туған-туысқандарымен жақындары арасында өзара қарым-қатынастарын күрделендіреді.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жүппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет.

Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер:

1. Медицина қызметкерінің салмақтылығы, біркелкі күйде болуы, эмоцияларын және тәртібін сақтап бақылауы ... деп аталады.

- a) <variant>коммуникативтік төзімділік
- b) <variant>коммуникативтік үрдіс
- c) <variant>коммуникативтік біліктілік
- d) <variant>коммуникативтік дағдылар
- e) <variant>коммуникативтік потенциал

2. Вербалды және вербалды емес тәсілдерді нәтижелі қолдана білуі арқылы қарым-қатынас жасау қабілеті ... деп аталады.

- a) <variant>коммуникативтік біліктілік
- b) <variant>коммуникативтік үрдіс
- c) <variant>коммуникативтік дағдылар
- d) <variant>коммуникативтік потенциал
- e) <variant>коммуникативтік төзімділік

3. Коммуникативтік үрдіске ... жатады.

- a) <variant>қарым-қатынас жасау арқылы адамдардың ойларымен, көніл-күйімен және мүдделерімен танысуы
- b) <variant>басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнату
- c) <variant>адамдардың қатынасу үшін белгілі жүйе ретінде сөзді пайдалану
- d) <variant>қатынасу үшін тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы	80-11-2024 () 60 беттін 45 беті
Әдістемелік нұсқаулық	

e) <variant>вербальды және вербалды емес тәсілдерді нәтижелі қолдана білуі арқылы қарым-қатынас жасау қабілеті

4. Жас маманның кәсіптік әрекетке үйренуі ... деп аталады.

- a) <variant>кәсіптік бейімділік
- b) <variant>кәсіптік білім
- c) <variant>кәсіптік бедел
- d) <variant>кәсіптік төзімділік
- e) <variant>кәсіптік қабілет

5. Вербальды коммуникацияға ... жатады.

- a) <variant>белгі жүйесі ретінде сөзді пайдалану
- b) <variant>тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану
- c) <variant>адамдар сұхбаттаса келе, бірін-бірі түсінісуі
- d) <variant>басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнатуы
- e) <variant>өзара қимыл ұйымдастыруы

6. Вербальды емес коммуникацияға ... жатады.

- a) <variant>тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану
- b) <variant>белгі жүйесі ретінде сөзді пайдалану
- c) <variant>адамдардың сұхбаттасып бірін-бірі түсінісуі
- d) <variant>басқа адамдармен байланысуы
- e) <variant>өзара қимыл ұйымдастыруы

7. Мимикаға ... жатады.

- a) <variant>бет қимылы
- b) <variant>дауыс ырғағы, жест
- c) <variant>дene қимылы
- d) <variant>жест, пантомимика
- e) <variant>дауыс ырғағы, дene қимылы

8. Жестикуляцияға ... жатады.

- a) <variant>дene қимылы
- b) <variant>дауыс ырғағы, жест
- c) <variant>жест, мимика, пантомимика
- d) <variant>бет қимылы
- e) <variant>дауыс ырғағы, дene қимылы

9. Визуальды қатынасуға ... жатады.

- a) <variant>көз жанасуы
- b) <variant>сөз арқылы жанасу
- c) <variant>қимыл-әрекет арқылы қатынас жасау
- d) <variant>бет қимылы
- e) <variant>диалог арқылы қарым-қатынас жасау

10. Қарым-қатынастың қалыпты жағдайында адамға тік қарau мезгілі ... аспауы керек.

- a) <variant>3 секундтан
- b) <variant>1 минуттан
- c) <variant>30 секуннтан
- d) <variant>2 минуттан
- e) <variant>3 минуттан

Ситуациялық есеп

Науқас Д. ұялашақ, қызғаншақ, тәуелсіздікке ұмтылады, жабысқақ, мейірімді. Сенімді және терең қарым-қатынасқа бейім. Тәуекел, қауіп жағдайынан аулақ болады. Өз ісіне жиі

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	60 беттің 46 беті

өкінеді. Ауру және ықтимал салдары туралы ойларды тастауға тырысады. Аурудың көрінісіндегі айқын нәрсені жоққа шығарады, оларды кездейсоқ жағдайларға жатқызады.

Қарым-қатынастың ұтымды әдісін анықтаңыз.

14-сабак

5.1. Тақырыбы: Қаза болудың этикалық мәселелері, қаралы хабарды жеткізу.

Жазылмайтын науқастар. Эвтаназия, дәрігер тактикасы.

5.2. Сабактың мақсаты:

Психиканың даму процесінің негізгі заңдылықтарын және психикалық іс-әрекет тетіктерін білу негізінде тұлғаның психологиялық құзіреттілігін қалыптастыру, тиімді қарым-қатынас және тұлғаға психогигиеналық қатынас дағдыларын, сондай-ақ кәсіби маңызды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.3. Оқыту міндеттері:

- Психологиялық ғылым және оның қоғамдық және гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орны туралы түсінік қалыптастыру.
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру.
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.4. Тақырыптың негізгі сұраптары:

Өлімге деген қатынас өмір сүрге әсер етеді. Стоиктер өлім, өмірдегі маңызды оқиға деп айтқан. Әулие Августиннің пікірі де осыған ұқсас: «Тек өлімнің алдында ғана адамның болмысы көрінеді». Сонымен өлім – өмірдің шындығы.

Өлімнің өмірге жағымды әсер ететін қабылдау қыын, өйткені біз оны тек қана қабылдаймыз. Бірақ бір сәтке болсын өлім туралы ойлардан бас тартсақ, өмір өзінің қарқынынан айырылады.

Пациентке жақында өлеңтінің бетіне айтпасада болады: «Әр адам, әсіреле ауыр науқас, ең жаман нәрселерге дайын болуы керек». Кейбір адамдар өзінің жердегі істерін аяқтауды ойынада алмайды, өйткені оларға бұл мәселелерді шешу өлімнің есігін ашатын сияқты көрінеді. Олармен өлім алдындағы қорқыныш проблемасын талқылауға болады.

Жазылмас науқастармен ашық сөйлесу мәселесі өте қыын болып табылады. Бұл туралы көптеген пікірлер бар. Біреулері, пациентке бүкіл шындықты айтқан жөн десе, екіншілері ауыр науқасқа мейірімділікпен қарап, оған жақындаған қалған өлім туралы ешнэрсе айтпайды, ал үшіншілері бұл пациенттің қалауымен жүруі керек дейді. Әрине, науқас өзінің жағдайы туралы шындықты білуге құқылы және оның құқығын аяқ асты етуге ешкімнің қақысы жоқ, бірақ «білуге құқылы» және «білуге міндетті» деген ұғымдардың бірдей емес екендігін ұмытпаған жөн. Білу қақысы мен ақпаратты тандау қақысы бірдей емес. Пациенттің еркіндігі, оның нақты шындықты білуге деген ұмтылышына бағытталған кезде ғана толық болады.

Ауыр науқас жақындаған қалған өлім туралы ештеме білгісі келмесе, онда айналасындағылар оның таңдауын сыйлауы қажет. Қазаның таяп қалғандығын білу, көбінесе, науқастың жағдайын женилдетпейді, сондықтан оның аз білгендігінің де пайдасы бар. Егер пациент қанша уақыт өмір сүретіндігі туралы үзілді - кесілді мәлімет талап етсе, айналасындағылар оның дәлелдері не құлақ түріп, оның сезімдерін түсінуге ұмтылуы керек. Көзсіз батырлық көбінесе жалған

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 ()	60 беттің 47 беті

болады. Шындықты аяғына дейін айтуды талап еткен кезде, пациент осы шындыққа деген өзінің реакциясын көз алдына елестете алмайды. Кейде науқастың талаптары шартты түрде болатындығы, оның нақты жауап алғысы келмейтіндігі көзге түседі, өйткені нақты жауап, оның үмітін үзеді. Клиникалық тәжірибеде бұл мәселе екі сұрақтың көлемінен шығып кетеді де, пациентке диагнозы туралы, емдеу және болжай туралы «қашан», «қалай», «қанша» айту керектігін бойына жинайды. Бұл мәселелер пациенттерге «жақсылық жаса!» қағидасын басшылыққа алатын дәрігерлерді көп толғандырады.

Каза алдындағы адамдармен өзін қалай ұстau керек? Қорытындыла өлім халінде жатқан адам мен жұмыс жасау кезінде ескеретін бірнеше маңызды қағиданы атап кетейік:

1. Көбінесе адамдар жалғыздықта өлеңді, «адам әрқашанда жалғыз өлеңді» деген белгілі пәлсапалық тұжырымды көбінесе біржақты түсінеді және өлім халінде жатқан адамнан алыстаңды осылайша актаңды. Бірақ, адамды жалғыз қалдыrsa өлім қорқынышы мен ауруы күшейеді. Өлім халінде жатқан адамға, өліп қалған сияқты қарауға болмайды. Онымен қарым - катынас жасап, халің біліп тұру өте маңызды;

2. Өлім халіндегі адамның шағымын мұқият тыңдал, қажетіліктерін қанағаттандырып тұру керек;

3. Айналадагы адамдардың барлық тіршілігі, өлім халінде жатқан адамға бағытталуы жөн. Онымен қарым - катынаста үстіртін оптимизмнен аулақ болу қажет, өйткені ол күмән туғызады;

4. Өлім халіндегі адамдар тыңдағаннан көрі, өзі сөйлегенді ұнатады;

5. Өлім халіндегі адамдар тыңдағаннан көрі, өзі сөйлегенді ұнатады; 6. Өлім халіндегі адамды тек күту, аялау нысаны деп қарастырмаған жөн. Көбінесе айналасындағылар, өлім халіндегі адамға «не жақсы?» деген мәселені шын көңілден шешкісі келеді. Бірақ жауапкершілікті барынша өзіне тарту пациенттің дербестігін азайтады. Мұның орнына оны тыңдал, емдеу туралы шешім қабылдауға қатыстыру керек;

7. Өлім халінде жатқан адам қолдана алатын ең үлкен нәрсе - біздіңтұлғамыз. Эрине, біз көмек берудің үлгілі құралы емеспіз, бірақ жағдайға байланысты дөп келеміз. Өлім халінде жатқан адаммен бірге болу, біздің

қарапайым адамгершілікті талап етеді және оны көрсету міндетті болып табылады;

8. Психологтар мен дәрігерлер өз күмәндары мен құнә сезімдері және өзінің өлім жайлы ойларын мойындал, бөлісуі керек. Өлім халіндегі адаммен және оның туыстарымен жұмыс істейтін құтушілерге де маңызды көмек қажет. Олармен әлсіздік және кінәлілік сезімдерін мойындау жайында әңгімелесу керек. Дәрігерлер кәсіби сезімдерін қорлауды басынан өткізуі шарт.

Бұл сезім пациенттің өлімін қаралуда жиі кездеседі.

Эвтаназия термині алғаш рет XVII ғасырда Ф.Беконмен “ жеңіл өнімді” анықтау үшін қолданып, XIX ғасырдан бастап “біреуді аяныштан өлтіру” деген мағынаны береді. Мұнда қинауларды жеңілдету мақсатымен әдейі өлтіру туралы айтылады. “Эвтаназия” сөзімен “ауырсыну мен қинауларды жоюды мақсат ететін” өлім мәніне әкелетін кез-келген әрекетті немесе керісінше әрекетсіздікті көрсетеді.

Эвтаназия деп - қандайда бір тұлғаның өз тілегі бойынша өмірін тоқтатуына бағытталған және бұдан еш пайда көрмейтін адамның қолымен орындалған әрекетті айтамыз.

Эвтаназия туралы тек белгілі бір адамның өлімін жылдамдату пифылы бар болғанда ғана айтылады. Ал ауыр сырқаттың соңғы кезіндеңі науқастың қинауларын жеңілдетуге тырысып оған өлімнің физиологиялық үрдісін тек тікелей емес түрде ғана жылдамдата алатын дәрі-

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 60 беттің 48 беті

дәрмекті тағайындағанда эвтаназия туралы айтылмайды. Бұл жағдайда науқасқа өлуге көмектесу мақсатын қоймайды, бірақ кері әсер ретінде ғана өлімді жақындана алғатын препаратор көмегімен оның ауырсынуын азайтуға тырысады. Бұл жерде өлім әдейі, тікелей түрде тудырылмайды, бірақ ауырсыздандыру терапиясының мүмкін салдары болып табылады. Эвтаназия туралы өлімге әкелетін препарат қолданылғанда, сондай-ақ науқасты өмір сүру үшін керек заттардың немесе оған жағымды әсер ететіндердің барлығынан (есін жиып, өмірінің дербес қолданылуына мүмкіндік беретін реанимация немесе өмірді қалыпты жағдайда жалғастыруға мүмкіндік бере алғатын емдеу) айырған жағдайда айтылады. Дәрігер ролі пациентпен ынғайласқан оның өмірін ұзартға алғатын таңдамалардан бас тартуға немесе нәтижесінде науқас өмірінің қысқаруына әкелетін шараларды жүзеге асыруға жеңілдететін дәрі-дәрімектердің дозасын ұлкейтүгे келіп тірелетін жағдайлар, негізінен оплоидты анальгетиктер қолданылады. Мысалы, ауырсынуды басатын немесе ұйықтату.

жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жүппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет.

Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер:

1. «Психология» грек тілінен аударғанда ... туралы ғылым.

- a) <variant>жан
- b) <variant>түйсік
- c) <variant>мінез құлық
- d) <variant>психика
- e) <variant>тәрбие

2. «Жан туралы» трактаттың авторы:

- a) <variant>Аристотель
- b) <variant>Платон
- c) <variant>Демокрит
- d) <variant>Лукреций
- e) <variant>Эпикур

3. Аристотель ... еңбегімен, білімнің өзіндік аумағы ретінде психологияның негізін салды.

- a) <variant>«Жан туралы»
- b) <variant>«Мемлекет туралы»
- c) <variant>«Психика туралы»
- d) <variant>«Сана туралы»
- e) <variant>«Тәрбие туралы»

4. Психология ерекше ғылым ретінде ... бірге дамыды.

- a) <variant>философиямен
- b) <variant>педагогикамен
- c) <variant>тарихпен
- d) <variant>биологиямен
- e) <variant>физиологиямен

5. Жекеліктің пайда болуы мен дамуын, өзге адамдармен, топпен қарым қатынасын анықтайтын психологияның саласы ... деп аталады.

- a) <variant>әлеуметтік
- b) <variant>педагогикалық
- c) <variant>жас ерекшелік

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттің 49 беті

- d) <variant>балалар
- e) <variant>арнайы

6. Оқыту, тәрбие беру үдерісінде жеке тұлғаның даму заңдылықтарын зерттейтін психологияның саласы ... психология деп аталады.

- a) <variant>педагогикалық
- b) <variant>әлеуметтік
- c) <variant>жас ерекшелік
- d) <variant>балалар психологиясы
- e) <variant>арнайы

7. Психология ғылымын танудың өртедегі әдісі ... болып табылады.

- a) <variant>бақылау
- b) <variant>әңгіме
- c) <variant>тәжірибе
- d) <variant>тестілеу
- e) <variant>анкеталау

8. Түсік, қабылдау, елестету, ойлау, ес психикалық ... тиесілі.

- a) <variant>үдеріске
- b) <variant>қасиетке
- c) <variant>жағдайға
- d) <variant>білім беруге
- e) <variant>элементке

9. Тұрлі дыбыстар-жөтелу, ыңырсу, есінеу, терең демалу, сөйлесу ... жатады.

- a) <variant>паралингвистикалық компоненттерге
- b) <variant>оптико-кинетикалық жүйеге
- c) <variant>визуалды қатынасқа
- d) <variant>вокалдық қуралға
- e) <variant>вербальды қатынасқа

10. Реалистік таласқа ... жатады.

- a) <variant>шындықты ісдестіре келе, өз мәліметтіңің жеткіліксіздігін толықтыру
- b) <variant>шындықты іздестіруге бейімделмеу
- c) <variant>"қайтсем де жеңіске жетем" деген ойдың болмауы
- d) <variant>шындыққа жетем деген ойдың болмауы
- e) <variant>шындықты іздестіруге мәліметтіңің жеткіліксіздігі

Ситуациялық есеп

Адамның ортасы жанжалды, ашуланшақ. Жұмыс орнында әріптестер бір-бірімен жиі қақтығысады. Адамның қандай эмоционалды-психологиялық қүйі болуы мүмкін екенін анықтаңыз.

15-сабак

5.1. Тақырыбы: Студенттердің психикалық денсаулығы.

5.2. Сабактың мақсаты:

Психиканың даму процесінің негізгі заңдылықтарын және психикалық іс-әрекет тетіктерін білу негізінде тұлғаның психологиялық құзіреттілігін қалыптастыру, тиімді қарым-қатынас және тұлғаға психогигиеналық қатынас дағдыларын, сондай-ақ кәсіби маңызды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.3. Оқыту міндеттері:

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	60 беттің 50 беті

- Психологиялық ғылым және оның қоғамдық және гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орны туралы түсінік қалыптастыру.
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру.
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Қазіргі уақытта мемлекеттердің білім беру нормаларын өзара макулдау, жоғары білім сапасы мен құрылымындағы бірізділікке көшу ой-пікірінің республикадағы жоғары білім беру жүйесіне енгізілуі оның сапалық жаңа сатыдағы көтерілу серпілісі және әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бет бұрысы болып табылады.

Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне толығынан кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап етеді. Білімді мамандардың көбею Қазақстанның дамыған елдер қатарына енде маңызды орын алады. Кәсіби білімді, батыл, болашаққа сенімді жас маман дайындау жоғары оқу орнының талабының бірі. Мақаланың мазмұны студенттердің жоғары оқу орнына бейімделуде психикалық денсаулығының ауытқусыз қалыптасуына бағытталған.

Университет қабырғасында, студенттік кезеңде болашақ маман қалыптасады. Студенттің психикалық денсаулығы, тұлғаның іс-әрекетінің жетістігіне, табыстығына әсер етеді. Студенттердің әлеуметтік ортада бейімделуі, студенттер ортасында мазасыздану шарттардың пайда болуы, болашақтағы мамандыққа өзін-өзі тұлға ретінде белгілеу мәселелері тақырыптың өзектілігін анықтайды.

Жас кезең әмоционалды уайымның көпшілігімен сипатталады. Бұл студенттің өмірлік үлгісіне әсер етеді. Демек студент өзінің денсаулығына қам жемей, аяламайды, психикалық және дene саулығының қоры бітпейтіндей, студенттердің дем алуы мен релаксация кезеңі жоспарланып, шектелмеген. Соңдықтан да, студенттік шақта психикалық денсаулықтың маңызды орын алғынын әр қашанда ескеру қажет. Өйткені, студент болашақтың мәртебесін көтеретін және нәр беретін бұлағы болып табылады.

Жаңа әлеуметтік ортаға белсенді бейімделуі, студенттердің құрдасқұрбыларының арасында жоғары мәртебеге ие болуға бағытталған. Бұл кезең студенттердің қауіпті жүрістүрьысына, мінез-құлқының өзгеруіне әкеледі, әр түрлі амалдарды : ішімдік, никотин, нашақорлық қолдануы мүмкін.

Психикалық денсаулыққа қауіпті әсер ететін шарттардың бірі- әлеуметтік экономикалық өзгерістер кезеңінде қоғамда маман ретінде әлеуметтік және кәсіби белгісіздіктің туындауы. Өзінің мамандығына, біліміне, дайындығының деңгейіне сай жұмыс орнының иесі болуына күмәндәну мәселесі және студенттік ортада тұлғаға білім алу кезеңіндегі қойылған талаптар, артылған міндеттер студентке қынышылыштар туындалады.

Айтылған шарттар тұлғаға әсер етіп, студенттің жабығуы, мазасыздануы, күйзелуі, уайымдауы психикалық денсаулыққа айтарлықтай қауіп-қатер туындалады.

Студенттік жастағы жекелік даму ерекшілігін зерттеген алғашқылардың бірі, ғалым Г.Ананьев болып табылады. Ол адамның кемелдену белгілерін анықтауға тырысты. Адамның кемелденуі биологиялық белгілермен және жыныстық, соматикалық белгілермен анықталады. Адамның жеке дамуының түрлі гетерохрондық түрлері (онтогенетикалық, тұлғалық — өміrbаяндық, субъекті-тәжірибелік) осы дамудың және оның полифакторлы негізделуінің ішкі қайшылықтарының көрсеткіштерінің бірі болып табылады .

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	60 беттің 51 беті

Мәселен, Б.С. Положий мынадай анықтама береді: «Психикалық денсаулық дегеніміз психиканың субъективтік түрғыда жанға жайлышығын сезінуін қамтамасыз ететін ағзадағы барлық психикалық қызметтердің үйлесімділігімен және біртұтастығымен сипатталатын адам психикасындағы қалып-күй, белгілі бір мақсаттағы саналы іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеттілігі, дұрыс мінез-құлыш түрлері болып табылады». Ағзадағы барлық психикалық қызметтердің үйлесімділігін тұрақтыландыру үшін психикалық үйлесімділіктің жоқтығы жайлыш да көзқарастың болуы қажет екені анық. Белгілі бір мақсаттағы саналы іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеттілігін анықтау үшін санадан тыс іс-әрекет көріністерін білу керек. Дұрыс мінезқұлыш түрлері дұрыс емес түрлерімен салыстырылған кезде анықталады.

Денсаулық психологиясы адамның жоғары талаптар барысындағы, психикалық жүктемелер жағдайындағы өтелетін «акысын» анықтауға аса назар аударады. Осындай талаптар мен жүктемелердің алуан түрде кездесетін ортасына студенттік орта жататыны белгілі. Екінші жағынан, дәл осы кезеңде психикалық денсаулық әрекетінің жетістігіне тікелей ықпал ететін жағдайда маман қалыптасып, өмір салтының үлгісі осылайша қоғамдық маңызы бар мағынаға ие болады. Аса өзекті әлеуметтік экономикалық өзгерістер барысында психикалық денсаулығына қауіп төндіріетін тағы да бір ықпал – болашақ маманың әлеуметтік және кәсіби түрғыдан қоғамдағы орнының анықталмауы мен өзінің біліміне сай жұмыс орнын іздестіру қажеттілігі пайда болады.

Психикалық денсаулығының ықпалдарына болашақ оқиғаларға қатысты мақсаттар мен күтілімдер жатады. Оларды жағымды оқиғаларды күтудегі жағымды мақсаттар және жағымсыз оқиғаларды күтудегі теріс мақсаттар деп екіге бөлуге болады. Біріншілері күйзелісті дұрыс жеңіп шығуға көмектеседі, өйткені қыын жағдайларда эмоциялар іс-әрекетті нығайтудың механизмдері ретінде әрекет жасайды. Теріс мақсаттар барысындағы эмоциялар әлсірету сипатындағы деструктивтік ықпал көрсете бастайды.

Студенттер психикалық саулығының келесі ықпалы — өз іс-әрекетінің нәтижелеріне қанағаттануы. Сәттілік сезімі тұлғалық талпыныстарының субъективтік маңыздылығына, көздеңен мақсаттарына жетудің жоғары мүмкіншілігіне тең келеді.

Мақсаттарын саналы түрде таңдау мен оларға қол жеткізу мүмкіншіліктерін дұрыс бағалау, өзін-өзі реттеу үрдістерінде маңызды орын алады. Соңдай-ақ, таңдалып алынған мақсаттарға сыртқы кедергілерге қарамастан қол жеткізуге болады деген пікір орнығады. Мақсаттары және оларға қол жеткізудің мүмкіншіліктерін анықтауды саналы түрде мойындау күйзеліске қарсы тұрақтылықтың қалыптасуына және күйзелісті женудің сындарлы бағыттар іздестіруіне себеп болады.

Студенттер энергетикалық шығындары көп және кәсіби талаптанулары жоғары сипаттағы аса белсенділікпен оқу іс-әрекетіне арласады. Сонымен қатар кәсіби іс-әрекетіндегі сәттілікті сезінің мен жалпы өмірге қанағаттануы төмендейді, соңдай-ақ, пайда болатын мәселелерді шешу белсенділігінің қабілеттілігі жеткіліксіз болып қалыптасады. Соңғысын өзіндік құзырының төмендігімен және өз әрекеттері тиімділігіне қатысты бақылаудың төмендеуімен түсіндіруге болады. Белсенділіктің жоғары деңгейі сәтсіздік жағдайынан бас тартудың шамалы бағытына сай келеді.

Коршаған ортасы тарарапынан болатын әлеуметтік қолдауды сезінудің орташа деңгейі назар аудартады. Мұны бірінші курс студенттерінің білім ортасындағы жаңа іс-әрекеттерге бейімделуінің бастапқы кезеңінің мазмұнымен түсіндіруге болады. Бұл кезеңде студенттің жаңа әлеуметтік рөлі, өзін және айналысындағыларды әлеуметтік жаңа орта элементтері ретінде сезінің қалыптаса бастайды. Өзінің осы ортаға жататынын мойындауының осы

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	60 беттің 52 беті

кезеңде пайда болуы, ортаға теңесуі оған аса сенімділікпен қарауын, болып жатқан оқиғаға қатынасуын немесе ықпал етуін, оқиғалардың дамуы тұлға күтілімдеріне сай келеді деп сенуді қажет етеді.

Жоғарыда дәріптелген студенттердің психикалық денсаулықтарының ерекшеліктерін теориялық тұрғыда көрсете отырып, эксперименттік зерттеу нәтижелеріне зер салайық.

Казіргі кезеңдегі студенттердің психикалық денсаулықтарын, яғни күйзеліске тұрақты болуын, жабығу және мазасыздану деңгейінің ерекшіліктерін эксперименттік тұрғыда зерттеу мақсатымен, біз өз жұмысымызды 2009 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі өткіздік. Сыналушылар тобына 150 студент қатысты.

Жүргізілген эксперимент бойынша қазақ бөлімінде оқытын және орыс бөлімінде оқытын студенттер арасында психикалық күйдің шиеленісуі мен мазасыздану деңгейін және күйзелістікке байланысты тұрақтылық деңгейінің көрсеткіштерінде айырмашылықтар байқалды.

Психикалық күйдің шиеленісуі мен мазасыздану деңгейін қазақ бөлімінде 27,8% көрсетті. Ал орыс бөлімінде 20% болып байқалда. «Психикалық күйдің жағымды болу» көрсеткішінде қазақ бөлімі 72,7% болып бейнеленсе, орыс бөлімінде 84,4% көрсетілді. Психикалық күйдің жағымды болу деңгейі бойынша орыс бөлімі мен қазақ бөлімінің арасында 11,7% айырмашылық болды. Демек, қазақ бөлімінің студенттерінде жабығу және мазасыздану деңгейі орыс бөліміне қарағанда басым болып сипаталады.

Сонымен қатар, психикалық денсаулық адамның күйзелістік жағадайына студенттерінің күйзелістікке байланысты тұрақтылық деңгейінің көрсеткішін қарастырсақ, қазақ бөлімінде жоғары деңгей 60%, ал орыс бөлімінде 57,8% көрсеткішік көрсетті. Орташа деңгей қазақ бөлімінде 27,3%, орыс бөлімінде 20% болып бейнеленеді. Сондай-ақ, қазақ бөлімінде төмен деңгейі бойынша 12,7%, ал орыс бөлімінде төмен деңгейі 22,2% болып айқындалды. Демек, орыс бөліміне қарағанда күйзелістікке байланысты тұрақтылық деңгейінің көрсеткіші қазақ бөлімінде басым болып бейнеленді.

Студенттік күйзелістің себептерін зерттеу барысында олардың бірі болып студенттік ортаға ойдағыдай сай болмауы, оны бөтен деп, кейде тіпті жау ретінде қабылдауы табылады. Мұны әсіресе, мектеп талаптарынан өзгеше, жаңа ережелерге алғаш рет тап болған, бірінші курс студенттерінен байқауға болады. Бірінші курс студентіне тән жасқаншақтықты жаңа өмір салтына бейімделуі үрдісін басынан өткізіп жатқан, үйі мен жанұясынан алыстал кеткен, басқа жақтан келген студенттерден аңғарылады. Мұндай жағымсыз құбылысты жеңуде жоғары оқу орнының психологиялық қызметі оқу үрдісін ұйымдастыруға жәрдем беріп, әр түрлі кеңестер өткізіп, көмектеседі.

Корыта айтқанда психикалық денсаулықтың өзегі болып күйзеліске тұрақты болу, жүйке жүйе бабының төмен болуы, жабығу және мазасыздану деңгейінің төмен болуы жатады. Егер аталмыш психикалық күйлерді дер кезінде қалыпты жағдайға түсірмесе студенттер нашақорлыққа, маскунемдікке, күйзеліске және т.б. жағымсыз жағдайға ұшыруы мүмкін. Осыған орай студенттерге психокоррекциялық жұмыстарды жүргізу мақсатын жүзеге асыру қажет.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жүппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет.

Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттің 53 беті

Тесттер:

1. Коммуникативті кедергінің семантикалық түрі ... дамиды.
 - a) <variant>адамның жасына, мамандығына байланысты
 - b) <variant>науқас пен мед.қызметкерінің сөйлеу мәнеріне байланысты
 - c) <variant>жағымсыз эмоцияларға байланысты
 - d) <variant>науқастың ішкі сезіміне байланысты
 - e) <variant>науқас пен мед.қызметкерінің интелект айырмашылығына байланысты
2. Коммуникативті кедергілердің қатынасу бөлгөттері ... дамиды.
 - a) <variant>негативті эмоцияларға байланысты
 - b) <variant>адамның жасына байланысты
 - c) <variant>медициналық қызметкер науқасқа айқын емес сөйлегенде
 - d) <variant>мәдени, білім дәрежесіне сай емес сөздерді қолданғанда
 - e) <variant>медицина қызметкерінің тілі түсініксіз, ақиқатқа сай емес болған жағдайда
3. Интровертті науқастарға ... белгілері тән.
 - a) <variant>түйіктық
 - b) <variant>көп сөйлеу
 - c) <variant>ауру белгілерін жасырмау
 - d) <variant>көп сұрақ қою
 - e) <variant>еркіндік
4. Конфликт - латынның "conflictus" деген сөзінің қазақша мағынасы:
 - a) <variant>шекісу
 - b) <variant>ашу
 - c) <variant>ыза
 - d) <variant>қарсыластық
 - e) <variant>немісрайдылық
5. Қақтығыстар ... топтарға бөлінеді.
 - a) <variant>горизонтальды, вертикальды, аралас
 - b) <variant>аралас, тік, вертикальды
 - c) <variant>горизонтальды, тік, вертикальды
 - d) <variant>вертикальды, тік
 - e) <variant>горизонтальды, аралас, тік
6. Горизонтальды қақтығыс ... болады.
 - a) <variant>бір қатардағы қызметтестер арасында
 - b) <variant>тұлға және мекеме арасында
 - c) <variant>жеке топтар арасында
 - d) <variant>мекеме аралық
 - e) <variant>бағынышты адамдар арасында
7. Вертикальды қақтығыс ... болады.
 - a) <variant>бір-біріне бағынышты адамдар арасында
 - b) <variant>бір қатардағы қызметтестер арасында
 - c) <variant>тұлға және мекеме арасында
 - d) <variant>жеке топтар арасында
 - e) <variant>мекеме аралық
8. Қызметтестер арасындағы қақтығыстардың ұйымдастырушылық маңыздылығына орай конфликттер ... топқа бөлінеді.
 - a) <variant>конструктивтік және деструктивтік
 - b) <variant>вертикальды және горизонтальды
 - c) <variant>вертикальды және деструктивтік

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 60 беттің 54 беті

- d) <variant>горизонтальды және конструктивтік
e) <variant>аралас және горизонтальды

9. Қақтығыс ... деңгейден тұрады.

- a) <variant>3
b) <variant>4
c) <variant>5
d) <variant>2
e) <variant>1

10. Бұл әдісте адам қақтығыстан кетуге тырысады, дәлірек айтқанда келіспеушілік туғызатын сұрақтарды талқыла салмау ... деп аталады.

- a) <variant>бас тарту
b) <variant>көндіру
c) <variant>мәжбүрлеу
d) <variant>компромисс
e) <variant>проблеманы шешу

Ситуациялық есеп

Науқас оптимист, басқалардың назарын аударуға тырысады, өзінің қайғы-қасіреті мен тәжірибесін көрсеткенді ұнатады. Жеке сипаттаманың түрін анықтаңыз. Осы науқаспен қарым-қатынас кезінде ұсыныстар беріңіз.

16-сабак

5.1. Тақырыбы: Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілік түрлері және медициналық құжаттамалар маңызы.

5.2. Сабақтың маңыздылығы:

Психиканың даму процесінің негізгі заңдылықтарын және психикалық іс-әрекет тетіктерін білу негізінде тұлғаның психологиялық құзіреттілігін қалыптастыру, тиімді қарым-қатынас және тұлғаға психогигиеналық қатынас дағдыларын, сондай-ақ кәсіби маңызды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.3. Оқыту міндеттері:

- Психологиялық ғылым және оның қоғамдық және гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орны туралы түсінік қалыптастыру.
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру.
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі (бұдан әрі – Ар-намыс кодексі) медицина және фармацевтика қызметкерлерінің азаматтар мен тұтастай қоғам алдындағы өз қызметі үшін моральдік жауапкершілігін айқындаиды.

2. Медицина және фармацевтика қызметкерлері өз қызметінде:

- 1) осы Кодекті және Ар-намыс кодексін басшылыққа алуға;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын нығайтуға жәрдемдесуге;
- 3) тек қана пациенттің мүдделерінде шешім қабылдауға;
- 4) Қазақстан Республикасының медицина және фармацевтика қызметкерінің жоғары атағына кір келтіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;
- 5) өзінің қызметтік міндеттерін адал әрі сапалы атқаруға;
- 6) өзінің кәсіптік білімін үздіксіз жетілдіруге;

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 60 беттің 55 беті

- 7) өзінің жеке пайдасын басшылықта алып, профилактика мен емдеудің әдістері мен құралдарын жарнамалауға және пайдалануға жол бермеуге;
- 8) еңбек тәртібін мұлтіксіз сақтауға;
- 9) денсаулық сақтау ұйымдарының мүлкіне ұқыпты қарауға және оны тиімді пайдалануға;
- 10) сыйбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға;
- 11) қызметтік ақпаратты пайдалануға және басының өзге де мақсаттарында пайдалануға жол бермеуге;
- 12) жек басының үлгісімен ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай жасауға ықпал етуге;
- 13) басқа да медицина және фармацевтика қызметкерлері тарапынан Ар-намыс кодексінің нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және олардың жолын кесуге;
- 14) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде белгіленген киім нысанын сақтауға тиіс.

3. Пациенттермен қарым-қатынаста медицина және фармацевтика қызметкерлері:

- 1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына немесе кез-келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 2) мұқтаж болған әрір адамға медициналық көмек көрсетуге;
- 3) адам өмірін сақтау өзінің борышы екенін әрдайым есте ұстауга;
- 4) азаматтардың мемлекеттің денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімін нығайтуға жәрдемдесуге;
- 5) пациенттерге қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермеуге, өз әріптері тарапынан осындай іс-әрекеттердің жолын кесүжөнінде құш-жігер жұмысайды;
- 6) өз әс-әрекетімен қоғам тарапынан негізделген сын айтылуына жол бермеуге, сынға сабырлылықпен қарауға, сындарлы сынды қзінің кәсіптік қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін пайдалануға тиіс.

4. Өз әріптерімен қарым-қатынаста медицина және фармацевтика қызметкерлері:

- жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, сырайылық пен биязылық танытуға;
- пациенттің мұддесі талап етсе, риясыз көмек көрсетуден бас тартпауға және әріптерінен кенес сұрауға;
- басқа медицина және фармацевтика қызметкерінің кәсіптік біліктіліне көпшілік алдында күмән келтірмеуге;
- қазақстандық медицинаның дәстүрлерін және жетістіктерін байытуға тиіс.

5. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намыс кодексін сақтауы олардың кәсіптәк борышы болып табылады.

6. Денсаулық сақтау ұйымының ұжымы оның басшысының шешімі бойынша медицина және фармацевтика қызметкерінің Ар-намыс кодексінің ережелерін сақтамау фактісін қарап, қараудың нәтижесі бойынша қоғадық мін таға алады.

7. Денсаулық сақтау ұйымының басшылары Ар-намыс кодексі мәтінінің көрнекі үгіт орындарында орналастыруларын қамтамасыз етеді.

Пациенттердің құқықтары

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	60 беттің 56 беті

1. Пациенттің осы Кодекстің 88-бабында көрсетілген құқықтардан басқа:

- 1) диагностика, емдеу және күтім жасау процесінде өзіне лайықты ілтиpat жасалып, өзінің мәдени және жеке басының құндылықтарына құрмет көрсетілуіне;
- 2) қандайда бір кемсітушілік факторларының ықпалының, тек қана медициналық критерийлер негізінде айқындалатын кезектілікпен медициналық көмек алуға;
- 3) дәрігерді немесе медициналық ұйымды тандауға, ауыстыруға;
- 4) отбасының, туыстары мен достарының, сондай-ақ діни бірлестіктер қызметшілерінің тарапынан қолдау көрсетілуге;
- 5) медициналық технологиялардың қазіргі деңгейі қандай мүмкіндік берсе, сондай шамада дерпт зардабының женілдетілуіне;
- 6) өзінің денсаулық жағдайы туралы тәуелсіз пікір естуге және консилиум өткізуіне;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтары болады.

2. Пациенттің өз құқықтары мен міндеттері, көрсетілетін қызметтер, ақылы қызметтердің құны туралы, сондай-ақ олардың ұсынылу тәртібі туралы ақпарат алуға құқығы бар. Пациенттің құқықтары туралы ақпарат медициналық ұйымдардың көрнекі үгіт орналасатын жерлерінде орналастырылуға тиіс.

Медициналық ұйымға түскен кезде пациентке өзіне медициналық қызметтер көрсететін адамдардың аты-жөні мен кәсіптік мәртебесі туралы, сондай-ақ медициналық ұйымның ішкі тәртібінің қағидалары туралы мәліметтер берілуге тиіс.

3. Медициналық көмек пациенттің ауызша немесе жазбаша хабардар етілген ерікті түрдегі келісімі алынғаннан кейін көрсетілуге тиіс.

4. Пациент медициналық көмек алу кезінде ұсынылатын және баламалы емдеу әдістерінің ықтимал қатері мен артықшылықтары туралы деректерді, емделуден бас тартудың ықтимал салдарлары туралы мәліметтерді, пациентке түсінікті болатын нысандағы диагноз, емдік іс-шаралардың болжамы мен жоспары туралы ақпаратты қоса алғанда, өз денсаулығының жай-күйі туралы толық ақпаратты алуға, сондай-ақ оны үйге шығару немесе басқа медициналық ұйымға ауыстыру себептері туралы түсінік алуына құқығы бар.

5. Пациент өз денсаулығының жай-күйі туралы ақпаратты хабарлау қажет болатын адамды тағайындаі алады. Пациенттің ақпарат алудан бас тартуы жазбаша ресімделеді және медициналық құжаттамаға енгізіледі.

6. Егер медициналық апараттың берілуі пациентке пайдасын тигізбейтіні былай тұрысын, елеулі зиянын да тигізеді деуге кесімді негіз болса ғана ақпарат пациенттен жасырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда осы ақпарат пациенттің жұбайына (зайыбына), оның жақын туыстарына немесе заңды өкілдеріне хабарланады.

7. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникалық базалары жағдайында медициналық көмек алатын пациенттердің оқу процесіне қатысадан, сондай-ақ емдік-диагностикалық рәсімдердің өткізуі кезінде үшінші тұлғалардың қатысуынан бас тартуға құқығы бар.

8. Пациенттердің құқықтарын қорғауды денсаулық сақтау органдары, ұйымдары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

9. Пациенттің медициналық көмек алу кезінде тағайындалған дәрілік зат туралы толық ақпарат алуға құқығы бар.

10. Некелесетін азаматтардың медициналық және медициналық-генетикалық зерттеп-карапуға құқығы бар.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	60 беттің 57 беті

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет.

Островская И.В. «Психология». Медициналық училищелер мен колледждерге арналған оқулық. М., «ГЭТАР-Медиа», 2006.

2. Н.Д. Лакосина. «Медициналық психология»-М., АКАДЕМА, 2008

3. В.Ф. Матвеев «Медициналық психологиядағы этика және деонтология негіздері»

4. Асимов М.А.«Коммуникативтік дағдылар»: оқулық/Асимов М.А., Нұрмамбетова С.А., Игнатьев Ю.В. ҚРДСМ С.Ж. Асфердияроватындағы ҚҰМУ. Алматы: Эверо, 2009.

5. Ильин Е.П. Қарым-қатынас жасау және тұлғааралық қарым-қатынас жасау психологиясы. –СПБ.:Питер, 2009.

Қосымша әдебиеттер:

1.Карвасаркий Б.Д. «Клиникалық психология». Үлттық медициналық кітапхана. СПБ, 2004.

2.Полянцева О.И.Орта медициналық мекемелерге арналған психология. –Ростов на Дону, Феникс, 2004.

3.Психологиялық тестілер энциклопедиясы. М., ТЕРРА-кітап клубы, 2000.

4.Петрова Н.Н. Медицина мамандарына арналған психология.-М., АКАДЕМА, 2006.

5. Психология. Оқулық. Жауапты редактор А.А. Крымов.-М., «Проспект», 2004.

6.Романова Н.Н., Филипов А.В. Сөздік. Сөйлеу қатынасының мәдениеті: этика, pragmatika, психология.-Москва, 2009.

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер:

1.Білім беру мен менгерудің екі жақты үрдісі, іс-әрекеттің негізгі түрі ... деп айттылады.

- a) <variant>оку
- b) <variant>еңбек
- c) <variant>әрекет
- d) <variant>оыйн
- e) <variant>мақсат

2.Белгілі қоғамдық пайдалы өнімді өндіруге бағытталған іс-әрекет ... деп аталады.

- a) <variant>еңбек
- b) <variant>оку
- c) <variant>оыйн
- d) <variant>мақсат
- e) <variant>әрекет

3.Мақсатты әрекет бұзылысының бір түрі, регрессия мәні ... болып табылады.

- a) <variant>түнілу
- b) <variant>ашуға берілу
- c) <variant>өткен үлгілерге еліктеу
- d) <variant>оісіз әрекет
- e) <variant>мәнсіз қимылдар

4.Мамандықтың белгілі бір түріне бағыт-бағдар беру мәселесіне ... келіп тіреледі.

- a) <variant>кәсіптік бейімделу
- b) <variant>іс-әрекет
- c) <variant>қақтығыс
- d) <variant>кәсіптік бағдар
- e) <variant>кәсіби деңгейлер

5.Басқалардың жүріс-тұрысына ықпал ету мүмкіндігі ... деп аталады.

- a) <variant>билік

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	80-11-2024 () 60 беттің 58 беті

- b) <variant>ықпал
- c) <variant>мәжбүр
- d) <variant>басқару
- e) <variant>айқындау

6. Тұлғалық таңдаулар мен қызығушылықтар негізінде қалыптасқан топ ... деп аталады.

- a) <variant>формалды емес
- b) <variant>микротоп
- c) <variant>орта топ
- d) <variant>ресми топ
- e) <variant>ұжым

7. Топ әрекетінің нәтижелі болуы ... байланысты.

- a) <variant>жетекшіге
- b) <variant>мінез-құлыққа
- c) <variant>сенімге
- d) <variant>ұжымға
- e) <variant>кеңесшіге

8. Адам еңбегінің белгілі бір түріне жарамдылығын көрсететін психологиялық физиологиялық ерекшеліктерінің, оған қажетті тиісті білім, дағды икемділік- терінің жиынтығы ... деп аталады.

- a) <variant>кәсіби бағыттылық
- b) <variant>кәсіби жарамдылық
- c) <variant>кәсіби дағды
- d) <variant>кәсіби шеберлік
- e) <variant>кәсіби білім

9. Кәсіби бағдардың түрлеріне ... жатпайды.

- a) <variant>кәсіби сауат ашу
- b) <variant>шартты топтар
- c) <variant>кәсіби адаптация
- d) <variant>ақпараттық құзірет
- e) <variant>кәсіптік бейімделу

10. Психиканың онтогенетикалық даму ерекшелігін ... зерттейді.

- a) <variant>жас ерекшелік психологиясы
- b) <variant>медициналық психология
- c) <variant>әлеуметтік психология
- d) <variant>жалпы психология
- e) <variant>педагогикалық психология

Ситуациялық есеп

Науқас В. эмпатикалық, өте аянышты, достық қарым-қатынасты жақсы көреді. Кішіпейіл, ұялшақ, өзіне сенімді емес. Қолайсыз жағдайларда оңай күдікті және сергек болады. Мазасыз күдік шындыққа жанаспайтын және екіталай асқынулардан қорқады.

1. Темперамент түрін анықтаңыз.
2. Қарым-қатынастың ұтымды әдісін таңдаңыз.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 60 беттің 59 беті

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 60 беттің 60 беті